

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі  
Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы

Министерство образования и науки Республики Казахстан  
Национальная академия образования им. И. Алтынсарина



**МЕКТЕПТЕГІ ОҚУ КАБИНЕТТЕРІНДЕ БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІН  
ҰЙЫМДАСТЫРУ БОЙЫНША НҰСҚАУЛЫҚ**

**ИНСТРУКЦИЯ ПО ОРГАНИЗАЦИИ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОГО  
ПРОЦЕССА В УЧЕБНЫХ КАБИНЕТАХ ШКОЛЫ**

Астана  
2015

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми кеңесімен баспаға ұсынылды (2015 жылғы 20 шілдедегі № 6 хаттамасы)

Рекомендовано к изданию Ученым советом Национальной академии образования им. И. Алтынсарина (протокол № 6 от 20 июля 2015 года)

Мектептегі оқу кабинеттерінде білім беру үдерісін ұйымдастыру бойынша нұсқаулық. – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2015. – 49 б.

Инструкция по организации образовательного процесса в учебных кабинетах школы. – Астана: Национальная академия образования им. И.Алтынсарина, 2015. – 48 с.

© Ы. Алтынсарин атындағы  
Ұлттық білім академиясы, 2015  
© Национальная академия  
образования им. И. Алтынсарина, 2015

## 1 Жалпы ережелер

1.1 Осы Нұсқаулық Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 Қаулысымен бекітілген орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 29 желтоқсандағы № 179 бұйрығымен бекітілген «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларына (бұдан әрі – Санитариялық қағидалар), «Қашықтықтан білім беру технологиялары бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 137 Бұйрығы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 7 наурыздағы № 97 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларына (09. 07. 2013 ж. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) сәйкес әзірленді.

1.2 Осы Нұсқаулық жалпы білім беру ұйымдарындағы оқу кабинеттерінде білім беру үдерісін ұйымдастыруға және білім алушылардың қауіпсіздігі мен денсаулығын сақтауды нормативтік қамтамасыз етуге қойылатын талаптарды белгілейді.

1.3 Жалпы білім беретін ұйымдардың оқу кабинеттері оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыру мен оқыту сапасын арттыруды тиімді қамтамасыз ететін орталық болып табылады.

1.4 Жалпы білім беру ұйымдарындағы оқу кабинеттері Санитариялық қағидаларға сәйкес жабдыкталуы тиіс:

- оқу кабинеттерін жобалау, орналастыру және пайдалану Санитариялық қағидалардың 3-тармағына;

- оқу кабинеттерін жиһаздармен жабдықтау оқушылардың бойына сәйкес Санитариялық қағидалардың 4-тармағына;

- оқу кабинеттерін жабдықтау (сумен қамтамасыз ету, жылыту, жарықтандыру, желдету, микроклиматына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар) Санитариялық қағидалардың 5-тармағына сәйкес орындалады.

1.5 Оқу кабинеттерінде оқушылардың демалуына немесе қызығушылығына қарай жұмыс жүргізулері үшін арнайы орындар қарастырылады.

1.6 Жалпы білім беретін ұйымдардың оқу кабинеттері оқушының білім беру нәтижелеріне табысты қол жеткізуін және алған білімін оқу, практикалық қызметте пайдалана алуын қамтамасыз ететін, логикалық, конструктивті, сын тұрғысынан ойлау негіздерін қалыптастыратын оқытудың тиімді құралдармен жабдыкталуы тиіс.

1.7 Жалпы білім беру ұйымдарындағы оқу кабинеттері оқушының физиологиялық және психикалық дамуына, оқу-танымдық, зерттеу іс-

әрекеттерін ұйымдастыруға, жобалау дағдысын, шығармашылық қабілетін дамытуға, оқу үдерісінің тиімділігін арттыруға қолайлы жағдай жасауы тиіс.

1.8 Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 17 мамырдағы № 499 Қаулысына сәйкес жалпы білім беру ұйымдарында даму мүмкіндігі шектеулі балалармен дені сау балалардың бірлесіп оқитын сыныптарында (бір сыныпта даму мүмкіндігі шектеулі екі баладан артық оқытылмауы тиіс) мүмкіндіктері шектеулі білім алушылар үшін ғимарат ішінде арнайы жиһаздар және жабдықтармен жасақталады.

1.9 Мүмкіндігі шектеулі балаларды кедергісіз қолжетімді оқыту үшін пандустарды, тұтқаларды, лифт және көтергіштерді, арнайы жиһаздарды, мүгедек балаларға арналған киім шешетелін орынды, бейімделген санузелді және кең кіреберістерді қарастыру қажет.

1.10 Оқу кабинеттері 4 аймақтан тұруы керек:

1-аймақ – ақпараттық (кабинеттің алдыңғы бөлігінде тақта, экран, оқушылардың көз алдына үнемі тұруы тиіс плакаттар, хабарландырулар ілінеді);

2-аймақ – жұмыс аймағы (бөлменің негізгі бөлігі мұғалімнің және оқушылардың жұмыс аймақтарынан тұрады, оған мұғалімнің үстелі мен орындығы және оқушылардың үстел-орындықтары орналасады);

3-аймақ – көрме аймағы (бөлменің артқы бөлігі оқу үдерісіне қажетті көрнекіліктер мен оқу-әдістемелік құралдарды, дидактикалық материалдарды сақтауға, сондай-ақ оқушылардың шығармашылық жұмыстарын орналастыруға арналған бірнеше секциялы шкафтардан тұрады);

4-аймақ – демалыс бұрышы (үзіліс кезінде немесе сыныптан тыс жұмыстарда оқушылар демалатын немесе қызығушылығы бойынша жұмыс істейтін орын, мұнда жұмсақ дивандар мен ойын үстелдері орналасады).

1.11 Осы Нұсқаулықта мынадай негізгі ұғымдар қолданылады:

1) оқу кабинеті – мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына, оқу жоспарларына және бағдарламаларына сәйкес көрнекі құралдармен, оқу жабдықтарымен, жиһаздармен және оқытудың техникалық құралдарымен жабдықталған оқушылармен сабақ, факультатив және сыныптан тыс жұмыстар жүргізетін мектептің оқу бөлмесі;

2) оқу кабинетінің төлқұжаты – білім беру стандартының талаптарына кабинетінің сәйкесігін көрсететін, оқу үдерісін оқу-әдістемелік қамтамасыз етуді ұйымдастырудың негізгі бағыттарын анықтайтын құжат;

3) кабинет портфолиосы:

– электронды портфолио – компьютерде немесе қандай да бір электрондық тасымалдағышта сақталған құжаттардың жиынтығы;

– «қағаз» портфолио – мұғалім мен оқушының параметрі мен негізгі кезеңдегі қызметін қамтып көрсететін құжаттар сақталған папка;

4) кабинеттің жұмыс жоспары – кабинетті білім беру үдерісін ұйымдастыруды қамтамасыз етуді реттейтін жұмыстар тізімі;

5) кабинетті бағалау бланкісі – оқу кабинетінде білім беру үдерісін ұйымдастырудың мүмкіндік деңгейін анықтайтын құжат;

6) оқушының жұмыс орыны – оқушының жұмыс үстелі және орындығы орналасқан орын;

7) мұғалімнің жұмыс орыны – кабинетте мұғалімнің білім беру үдерісін ұйымдастыруына мүмкіндік жасайтын жұмыс үстелі мен сынып тақтасы орналасқан орын;

8) қосымша кеңістік – білім беру үдерісін ұйымдастыруға қажетті көрнекі оқу және көрсету құралдарының (графопроектор, теледидар, бейне магнитофон, аудио магнитофон, компьютер және т.б.) орналасу орны;

9) географиялық алаң – практикалық, зерттеу-жобалау жұмыстарын жүргізуге мүмкіндік беретін ашық аспан астында орналасқан зертхана;

10) смарт-сынып – оқу-тәрбие үдерісінде ақпараттық технологияның мүмкіндіктерін барынша пайдалануға жағдай жасайтын әмбебап интерактивті кабинет (оқу материалын дайындау, сабақ өткізу, интерактивті тестілеу, сұрау және пікірталас, оқушылар білімінің мониторингі, мектепаралық on-line сабақтарын ұйымдастыру сияқты үдерістерді қамтиды);

11) сандық зертхана – деректерді жылдам жинақтау мен сараптауға, сонымен қатар эксперименттің нәтижесін сызбанұсқалар, графиктер, кестелер түрінде көрсетуге мүмкіндік беретін құрылғы;

12) автоматтандырылған оқу-зертханалық стенділері – компьютер, ноутбук және интерактивті құрылғыларға (проекторлар, интерактивті тақталар) қосылу мүмкіндігі бар үстелмен, әдістемелік және бағдарламалық қамсыздандырумен толық жасақталған стенділер;

13) мультимедиялық кабинет – арнайы бағдарламалармен қамтамасыз етілген интерактивті тақтаны, компьютерді және фото, бейне, графиктер, анимация және дыбыстың көмегімен нысандарды, үдерістерді және құбылыстарды ұсынуға мүмкіндік беретін жергілікті желіден тұратын бөлме;

14) ТВ-технологиялар – білім алушыларды оқу-әдістемелік материалдармен сонымен бірге, ақпараттық білім беру ресурстарымен қамтамасыз ететін, өзара іс-әрекетті ұйымдастыратын теледидардың эфирлік, кабельдік және спутниктік желілерін қолдануға негізделген жүйе;

15) желілік технология – оқу-әдістемелік материалдармен қамтамасыз етуді, білім алушылардың мұғаліммен және бір-бірімен интерактивтік өзара әрекет түрін, сондай-ақ Интернет желісін пайдалану негізінде оқу үдерісін әкімшілендіруді қамтитын технология;

16) кейстік технология – қағаз, электронды және өзге де тасымалдағыштарда оқу-әдістемелік материалдар жиынтығына (кейстерге) және оларды өз бетінше зерделеу үшін білім алушыларға жеткізуге негізделген технология;

17) Қашықтықтан білім беру технологияларын іске асыратын білім беру ұйымының интернет-ресурсы – білім беру үдерісінің қатысушылары үшін әкімшілік-академиялық ақпараттары бар интернет-ресурсы;

18) ақпараттық-білім беру порталы – ҚБТ бойынша білім беру үдерісін ұйымдастыруға мүмкіндік беретін әкімшілік-академиялық оқу-әдістемелік ақпараты бар, ақпараттық ресурстар мен Интернет сервистерінің желілік-

ұйымдастырушылық өзара байланысқан жиынтығы;

19) контент – оқу материалдарын ақпараттық (мәтіндер, графикалар, мультимедиалар және басқа да маңызды толықтырулар) толықтыру;

20) мультимедиа – пайдаланушыға диалогтық режимде әр текті деректермен (графика, мәтін, дауыс, бейне) жұмыс істеуге мүмкіндік беретін аппараттық және бағдарламалық құралдар кешені;

21) қашықтықтан оқытудың ақпараттық технологиясы – электронды тасмалдағышта оқу материалдарын құру, беру және сақтау технологиясы, оқу үдерісін ұйымдастыру мен қолдау ақпараттық-телекоммуникациялық технологиясы;

22) ақпараттық-білім беру ресурсы – білім беру сипатында қалыптастырылған ой мен білім, әртүрлі деректер, оларды жинақтау әдістері мен құралы, ақпараттар көзі мен тұтынушылар арасындағы алмасу мен сақтау;

23) тестілеу кешені – білім беру үдерісінің барлық деңгейінде білім алушылардың оқу материалдарын меңгеру дәрежесін анықтау үшін қолданылатын бағдарламалық құрал;

24) электрондық оқу-әдістемелік кешен (ЭОӘК) – білім беруге негізделген, оқыту үдерісінің дидактикалық циклінің толықтығын және сабақтастығын қамтамасыз ететін, теориялық және практикалық материалдарды жүйелеуді және ұйымдастыруды қамтитын Мультимедиялық бағдарламалар өнімдері.

## **2 Пән ерекшелігі бойынша оқу кабинеттерін жабдықтауға қойылатын талаптар**

2.1 Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарының материалдық-техникалық базасын жаңарту және нығайту жұмыстары ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген орта мектептің оқу бағдарламалары мен мектепалды даярлық сыныптарына арналған оқу бағдарламалары негізінде жүзеге асырылады.

2.2 Оқу кабинеттерінде мемлекеттік рәміздерді орналастыру Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 2 қазандағы № 873 Қаулысына (2012.30.11. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) сәйкес безендіріледі.

2.3 Жалпы білім беретін мектепте бастауыш сынып кабинеті, мектепалды даярлық немесе мектепалды тәрбиелеу шағын орталығы, қазақ тілі мен әдебиеті, орыс тілі мен әдебиеті, шетел тілі, тарих, математика, информатика, биология, физика, химия, география, музыка, бейнелеу өнері, технология, алғашқы әскери дайындық кабинеттері және спорт залы болуы тиіс.

2.4 Оқу кабинетінде: жұмыс аумағы, мұғалімнің жұмыс аумағы, оқу-көрнекі құралдарды, техникалық оқыту құралдарын орналастыру үшін қосымша кеңістік, оқушылармен жеке шұғылданатын және мүмкін болатын белсенді қызметтер аумағы және мектепалды даярлық және бастауыш сынып кабинеттерінде ойын аумақтары, химия, физика, биология кабинеттері мен компьютерлік сыныптарда зертхана болуы тиіс.

2.5 Әр оқу кабинеті жалпы жабдықтармен (жиһаз, оқытудың техникалық құралдары және т.б.) және арнайы оқыту құралдарымен (модельдер, аспаптар, кестелер және т.б.) жарақталуы тиіс.

2.5.1 Оқу кабинетінде білім беру үдерісін ұйымдастыру барысындағы жалпы жабдықтар жиынтығы төмендегі қызметтерді орындауы тиіс:

- мұғалім мен оқушылардың жұмыс орындарын ұйымдастыру;
- оқыту құралдарын оңтайлы орналастырылуы және сақталуы;
- техникалық құралдардың тиімділігі;
- қолда бар оқу қорының жүйеленуі.

2.5.2 Оқушылардың жұмыс орындарын жабдықтауға арналған жиһаз жазбаша жұмыстар орындауға, кітаппен, жұмыс дәптерімен, ақпараттық-анықтамалық материалдармен жұмыс істеуге қолайлы жағдайды қамтамасыз етуі тиіс.

2.5.3 Жиһаз жұмыс түрлерін (жұппен, топпен, ұжымдық) ұйымдастыруға байланысты оның орнын өзгерту үшін жеңіл, қозғалмалы және оңтайлы болуы тиіс.

2.5.4 Жұмыс орындарын жабдықтауға арналған үстел және орындықтар оқушылар бойларының түрлеріне сәйкес болуы тиіс.

2.5.5 Мұғалімнің жұмыс орны сабақ уақытында жедел іс-әрекет жасауға мүмкіндік беретіндей болуы керек.

2.5.6 Мұғалімнің жұмыс орнын ұйымдастыруға арналған жиһаз мұғалімнің

үстелінен және орындықтан тұрады.

2.5.7 Мұғалім үстелі бетінің ауданы сабақта пайдаланылатын бірнеше кітаптар, анықтамалар, дәптерлер жиынтығы, үлестірімелік оқу-дидактикалық материалдар жиынтықтарын орналастыруға мүмкіндік жасайтындай болуы керек.

2.5.8 Мұғалімге демонстрациялық және жапсарлас жасалған жұмыс тумбасы бар жұмыс үстелі қажет (үстел үстіне интерактивті тақтаға арналған компьютер мен принтер орнатылады).

2.5.9 Кабинетті аудиоактивті лингафондық құрылғымен жабдықтау барысында ҚР СанЕжН нормаларына сай мұғалімнің үстелі басқару пультімен жабдықталады.

2.5.10 Мұғалімнің зертханадағы жұмыс орны жазу қағаздарын сақтауға арналған бөліктері бар үстел болуы тиіс, онда лингафондық құрылғыны басқаратын пульт, қашықтықтан басқару блогі, проекциялық аппарат, жарық, орынжайдың пердемен бөлінуі, телефондық-микрофондық аппарат болуы қажет.

2.5.11 Қабырғадағы кестелер, сызбалар, карталар, сынып тақтасы, интерактивті тақта мұғалімнің жұмысына жағдай жасауы тиіс.

2.5.12 Сынып тақтасы бүктемелі, бес жұмыс беті бар үшэлементті (жасыл түсті борға арналған үш тақта, ақ түсті маркерге арналған екі тақта), магнитті беті карталар мен кестелерді көрсетуге ыңғайлы болуы тиіс.

2.5.13 Сынып тақтасы оқу кабинетінің алдыңғы қабырғасының ортасына орналастырылуы тиіс.

2.5.14 Сынып тақтасы кестелерді ілуге және көрсетуге арналған құрылғылармен жабдықталуы тиіс.

2.5.15 Тақталар өлшемі мен конфигурациясы бойынша: жылжымалы, ашылатын, биіктігі бойынша өзгеретін болуы мүмкін.

2.5.16 Сынып тақталары бор үгіндісін жинауға, тақтаны сүртуге арналған шүберекті қоятын жері бар күңгірт, күңгірт қоңыр немесе жасыл түсті болуы тиіс.

2.5.17 Сынып тақтасы негізгі қалқаннан және екі қайырмалы тақтадан тұрады. Негізгі қалқанның көлемі: 1500 x 1000 мм, қайырмалы қалқандардың көлемі: 750 x 1000 мм. Бұл тақталардың беті магнитті болуы шарт.

2.5.18 Жанында интерактивті тақта орнатылады (кестелер, сызба-нұсқалар және карталарды көрсетуге арналған қажетті құрылғыны арнайы ұстатқыштармен бүйір қабырғаға орнатуға болады).

2.5.19 Оқу кабинеттері проектор, бейнемагнитофон, телевизормен жабдықталуы мүмкін (жақсы көрінуі үшін телевизорды кронштейннің көмегімен алдыңғы қабырғаға орнатуға болады).

2.5.20 Әрбір кабинетте пәндік оқу-әдістемелік кітапханаға арналған (сөрелер, стеллаждар немесе арнайы шкафтар) жабдықтар болуы керек.

2.5.21 Оқу кабинеттеріндегі жабдықтар арасында төмендегідей аралықтар мен қашықтықтар көзделеді:

- 1) алдыңғы үстелдер мен демонстрациялық үстел арасы кемінде 60 см;

2) сынып тақтасы бар алдыңғы қабырғадан бастап үш қатармен орналастырылған барлық қатардағы алдыңғы үстелдерге дейін кемінде 250 см;

3) үстелдер тобының арасы кемінде 140 см;

4) қатардағы үстелдер арасы кемінде 60 см;

5) сынып тақтасынан оқушының отыратын соңғы орнына дейінгі ең үлкен қашықтық 860 см;

6) сынып тақтасының төменгі жиегінің еденнен биіктігі (жұмыс жағдайында) бастауыш сыныптар үшін – 80 см, 5-11 (12) сыныптар үшін – 90 см;

7) арнайы білім беру ұйымдарында оқу жиһазы мен жабдықтарын оқу үдерісінің бейініне сәйкес орнатады.

2.5.22 Кабинетті безендіру барысында заманауи ғылыми деректерді, ашылулар мен зерттеулерді көрсететін пәндік-тақырыптық стенділер қарастырылуы қажет.

2.5.23 Тақырыптар үшін жағымды түстерді (қызыл, қызғылт сары, сары, көгілдір) пайдалану қажет.

2.5.24 Мәтіндер анық, айқын, бір түспен (көк, қоңыр) жазылуы керек.

2.5.25 Пәндердің ерекшеліктеріне сай жиһаздар мен жабдықтар, мұғалімнің демонстрациялық үстелі және оқушылар үстелдері құрылымы, терезе мен желкөз құрылымы, Санитарлық ережелердің талаптарына сай кабинетке жарық түсірілуі нормалары сақталуы тиіс.

2.5.26 Оқу кабинеттерінің барлық мүлкі мен электр жабдықтары өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкес болуы тиіс.

2.5.27 Оқу кабинеттерінде бар жабдықтар, жиһаздар, құрылғылар тізімі мен олардың есептік нөмірлері көрсетілген мүлік кітабы болуы тиіс.

2.5.28 Әр білім алушының ыңғайлы жұмыс орнын қамтамасыз ету үшін кабинет үстелдермен және орындықтармен жабдықталуы керек.

2.5.29 Білім алушылардың жұмыс үстелі алмалы-салмалы бір адамдық немесе екі адамдық үстелдерден тұруы тиіс, көлемі 700х500 және 1200х500 см, бойларына қарай сәйкесінше түрлі болады.

Жиһаз тобы	Бой ұзындығы тобы (мм)	Орындықтың алдыңғы шегінің биіктігі (мм)	Үстелдің биіктігі (мм)	Таңбалану түсі
4	1450-1600	380	640	Қызыл
5	1600-1750	420	700	Жасыл
6	1750-ден	460	760	Аспан көк

2.5.30 Білім алушылардың жұмыс орнын тиімді ұйымдастыру үшін келесі талаптар сақталуы тиіс:

– білім алушының ыңғайлы жұмыс қалпын сақтау үшін үстелдер мен орындықтар антропометриялық деректерге сәйкес келуі тиіс;

– жұмыс үстелінің беті қажетті деңгейде жарық болуы тиіс (300 лк);

– жазу, оқу және телефондық-микрофондық аппаратуралар үшін жеткілікті жұмыс орны болуы тиіс.

2.5.31 Бір комплектілі және екі комплектілі шағын жинақты мектептерде, 5-11-сыныптардың білім алушыларының сабақтары бір кабинетте өткен жағдайда, жиһаздың орташа топтарының - № 4, 5 басымдылығы болуы тиіс.

2.5.32 Білім алушылардың жұмыс үстелдерінің нөмірленуі мұғалімнің пультіндегі нөмірленумен сәйкес болуы тиіс, бұл білім алушының жұмысын қадағалауды жеңілдетеді.

2.5.33 Оқу жабдықтарын орналастыратын және сақтайтын секциялық шкафтар болуы тиіс. Секциялардың саны кабинеттің аумағына сәйкес айқындалады.

2.5.34 Оқытудың проекциялық аппаратураларын және басқа да техникалық жабдықтарын іске қосу үшін зертханада 3 штепсельден кем емес розетка қарастырылуы тиіс: бірі – сынып тақтасының жанында, екіншісі – зертханадағы тақта қабырғасына қарама-қарсы бетте, үшіншісі – терезеге қарама-қарсы қабырғада.

2.5.35 Телебағдарламалар мен бейнефильмдерді көрудің рұқсат етілген ауқымы теледидар экранынан 2,7 м кем емес арақашықтық болуы тиіс. Теледидарды орналастыру биіктігі еденнен 1,2-1,3 м.

2.5.36 Графопроектор (егер бар болса) шұңқыршасы мен қойғышы бар арнайы үстелге орналастырылуы тиіс және оқу материалы көрсетілетін экран мен тақтаға дейінгі қарама-қарсы аралық 1,8 м кем болмауы қажет.

**Оқу пәнінің ерекшелігіне байланысты жекелеген оқу кабинеттеріне ерекше талаптар қойылады.**

2.6 *Бастауыш сыныптарға арналған оқу кабинеті* – жиһаздармен, оқытудың техникалық құралдарымен, оқу құралдарымен, көрнекіліктермен жабдықталған, оқушылардың физиологиялық дамуына, оқу-танымдық, зерттеу, жобалау іс-әрекеттерін ұйымдастыруға, шығармашылық ойлау қабілетін дамытуға, оқу үдерісінің тиімділігін және нәтижелілігін арттыруға қолайлы жағдай туғызатын мектептің оқу бөлмесі.

2.6.1 Бастауыш сынып кабинетінің ақпараттық аймағына интерактивті тақта, экран, компьютер кіреді.

2.6.2 Өртүрлі хабарландырулар, көрнекі құралдарды жапсыру үшін (үшкір заттармен жапсыра салуға ыңғайлы) табиғи немесе жасанды кеуекті заттан жасалған тақталар қолдану ұсынылады.

2.6.3 Алдыңғы қабырғаға бейнефильмдерді немесе сюжетті көріністерді көрсету үшін кронштейнмен бекітілген экран (сыныпта интерактивті тақта болмаған жағдайда) орнатылады.

2.6.4 Ақпаратты көрсетуге және оны компьютермен басқаруға арналған әмбебап интерактивтік жүйе – интерактивті тақта ілінеді. Кешен екі режимде: тышқан және аннотация режимі арқылы жұмыс істейді. Бірінші жағдайда тақта тышқан арқылы басқарылып, қолданушының іс-әрекетін операциялық жүйеге жеткізеді, екінші жағдайда маркер тікелей қалам ретінде, яғни жазу немесе сурет салу үшін қолданылады. Мұндай жағдайда графикалық редакторды қажет етпей, экран бетінде сурет салуға болады.

2.6.5 Интерактивті тақтаның жылжымалы (дөңгелекті) болғаны дұрыс.

2.6.6 Мұғалімге оның жұмыс істеуіне, оқу үдерісіне қажетті құралдар мен қосымша дидактикалық материалдарды орналастыруына ыңғайлы, компьютер қоюға арналған бөлімі бар, кітап-қағаздар салатын қосымша суырмамен жабдықталған үстел мен орындық/кресло қойылады.

2.6.7 Оқыту үдерісінде оқушылардың оқу-танымдық, зерттеу, жобалау әрекеттерін ұйымдастыруға, шығармашылық ойлау қабілетін дамытуға, оқу үдерісінің тиімділігін арттыруға қолайлы жағдай жасау және сабақ уақытын тиімді пайдалану үшін мұғалім толық жабдықталған жеке компьютермен қамтамасыз етілуі керек.

2.6.8 Оқушыларға бір орынды немесе екі орынды үстелдер қойылады.

2.6.9 Үстелдер мен орындықтардың негізгі өлшемдері мен таңбалары Санитарлық қағидалардың 5-қосымшасында белгіленген (1-кесте).

1-кесте – Оқушыларға арналған үстелдер мен орындықтардың өлшемдері мен таңбалары

№	Жиһаздың нөмірі	Оқушылар бойының тобы (миллиметрмен)	Оқушыға қараған үстел жиегінің еденнен биіктігі	Таңбаның түсі	Орындықтың алдыңғы жиегінің еденнен биіктігі
1	1	1000 – 1150	460	Қызғылт сары	260
2	2	1150 – 1300	520	Күлгін	300
3	3	1300 – 1450	580	Сары	340
4	4	1450 – 1600	640	Қызыл	380
5	5	1600 – 1750	700	Жасыл	420
6	6	1750 артық	760	Көгілдір	460

2.6.10 Бастауыш сынып кабинеттерінің жиһазы мен жабдығы педагогикалық үдерістің ерекшелігі мен емдік-қалпына келтіру іс-шараларын ескеруі тиіс.

2.6.11 Әрбір оқушы бойына және денсаулық жағдайына сәйкес үстелде жұмыс орнымен қамтамасыз етіледі. Есту және көру қабілеті нашар балалар отыратын үстелдерді (олардың нөмірлеріне қарамастан) бірінші қатарға орналастырады. Көру қабілеті төмен оқушылар отыратын үстелдерді терезе жақтағы бірінші қатарға орналастырады. Респираторлық аурулармен, баспамен, суық тию ауруларымен жиі ауыратын балаларды сыртқы қабырғадан алыс отырғызады.

2.6.12 Есту қабілеті нашар балалар үшін үстелдерді мұғалім үстелінің айналасына жартылай шеңбер түрінде орналастырады, есту аппаратурасын орнату үшін стационарлы бекітеді.

2.6.13 Оқушыларға арналған жиһаздарды орналастыру кезінде Санитарлық қағидалардың мына талаптары орындалады:

1) үстелдерді сол жақтан жарықтандырылатын, жарық түсіретін қабырғаға қарай орналастырады;

2) сынып тақтасы бар алдыңғы қабырғалардан бастап үш қатармен орналастырылған барлық қатардағы бірінші үстелдерге дейінгі қашықтық кемінде 250 см;

3) үстелдердің қатары арасында қашықтық кемінде 0,5 м болуы көзделеді;

4) 1-қатардағы үстелдердің жарық түсіретін қабырғадан қашықтығы – 1 м;

5) қабырғалық тақтаның төменгі шетелінің ілмесінің биіктігі 0,7 – 0,8 м.

2.6.14 Оқушылардың оқу әрекетін ұйымдастырудың түрлі әдіс-тәсілдеріне (топтық, жұптық, т.с.с.) байланысты жиһаздарды орналастырудың басқа тәртіптеріне (мысалы, жартылай шеңбер жасап, 2-6 орынды біріктіріп) де рұқсат етіледі.

2.6.15 Бастауыш мектепке арналған оқу кабинеттерінде оқушылардың үзіліс кезінде немесе сабақтан тыс уақыттарда демалуына немесе қызығушылығына қарай жұмыс істеуіне арналған орын (оқу бұрышы, жазу бұрышы) ескеріледі.

2.6.16 Жазу бұрышы және оқу бұрышындағы жиһаздар: диван, кілемшелер, орындықтар, кіші үстелдер орналасады.

2.6.17 Бастауыш мектепке арналған оқу кабинеттерінде оқушылардың киіміне арналған шкафтар қойылады және оларда бас киімге арналған сөрелері бар ұяшықтар мен сыртқы киім ілетін ілгіштер болады, оларды жеке таңбалайды.

2.6.18 Стендтер мен оқушы жұмыстарының көрмесіне арналған орын қарастыру қажет.

2.6.19 Санитариялық-гигиеналық талаптарға сәйкес бастауыш сыныптың оқу бөлмесінде ыстық және суық су келтірілген раковина орнатылады, орталықтандырылған сумен жабдықтау болмаған жағдайда суды қолмен құятын қол жуғыштар орнатылады.

2.6.20 Бастауыш мектепке арналған «Бейнелеу өнері», «Еңбекке баулу» пәндерін оқыту барысында еңбек және техникасы қауіпсіздігі ережелерін сақтау өте маңызды.

2.7 *Лингафонды кабинет* шетел, қазақ, орыс тілдерін үйренуде ауызекі тілді дамыту үшін пайдаланылады.

2.7.1 Оқу кабинетінде білім беру үдерісін ұйымдастыруда лингафон кабинетінің қызметі:

- ақпараттық;
- оқыту және тренерлік;
- бақылаушы-түзеуші;
- коммуникативтік;
- оқу қызметін басқару.

2.7.2 Кабинетті лингафондық құрылғымен жабдықтау барысында, оқушылардың үстелдері телефон-микрофондық гарнитурмен, дыбыс реттегіш және мұғалімді шақыру тетігімен жабдықталуы және бекітілуі тиіс. Телефон-микрофондық гарнитурлар арнайы тағанға немесе оқушылардың үстеліндегі арнайы шұңқыршықта орналастырылуы мүмкін.

2.8 *Шетел тілі кабинеті* білім алушылардың ауызекі және жазбаша тілдік

практикасын бірдей қамтуды ұйымдастыруға мүмкіндік беретін тілдік зертхана түсінігін қамтиды, әр білім алушының дағды мен біліктерін қалыптастыру үшін неғұрлым қолайлы жағдай жасайды.

2.8.1 Оқу бөлмесінің жиһазбен жабдықталуы:

– басқару пульті бар мұғалім үстелі, магнитофон және күйтабақ ойнатқыш қоятын тұғыр; лингафондық рецептивті құрылғылар;

– жас ерекшеліктеріне сәйкес оқушылардың үстелдері мен орындықтары (№ 4, 5, 6 жиһаз тобы).

2.8.2 Оқушылардың қажеттіліктерін қамтамасыз етуде жұпта немесе топта жұмыс жасауда, бір-бірлерінің жүздерін көру үшін, бет-әлпетті көруде, сөйлеген кездегі ым-ишарасын, қимылдарын көру үшін бір орынды, екі орынды үстелдермен немесе екі жартылай шеңберлі қосарланған немесе орынын ауыстырып қозғалтатын үстелдермен қамтамасыз етілуі тиіс, мұғалімнің үстелі ортасында болуы керек.

2.8.3 Оқушылардың үстелдерінің арақашықтығы кем дегенде 0,6 метр болуы керек.

2.8.4 Мұғалімнің үстелі мен тақтаның арасындағы қашықтық 1,0 м-ден кем болмауы тиіс. Қатарлы үстелдер арасы мен бойлық қабырғалардың арасындағы қашықтық 0,5-0,7 м, алдыңғы үстелден қабырғаға дейінгі арақашықтық 2,6-2,7 м болуы керек.

2.8.5 Сыныптың алдыңғы қабырғасында интерактивті тақта және аспалы экран орналастырылуы тиіс. Тақта аспалы немесе жылжымалы және беті магнитті болуы тиіс.

2.8.6 Лингафон құрылғылармен жабдықталған шетел тілі кабинетінде оқушылардың үстелдеріне «телефон-микрофон, мұғалімнің шақыруын бақылау қоңырау түймелері» гарнитурасы болуы тиіс.

2.8.7 Бастауыш сынып оқушылары үшін дыбыс жазбасының ұзақтығы 10-15 минут, жоғары сынып оқушылары үшін 20-25 минут, аудио сигналдарды дыбыс деңгейі 40-50 дБ ауқымында ұсынылады. Осы талаптардың сақталмауы оқушы ағзасының тез шаршауына және білім сапасының төмендеуіне әкеледі.

2.9 *Информатика кабинеті* – информатика пәні бойынша сабақтар, факультативтік сабақтар жүргізілетін, білім алушыларды әлемдік ақпараттық қоғам жағдайында өмір сүруге дайындық, білім деңгейін жоғарылату жүзеге асырылатын білім беру ұйымының бөлімшесі.

2.9.1 Информатика кабинетінде білім беру үрдерісін ұйымдастыру төмендегі функциялар арқылы жүзеге асырылады:

– информатика, алгоритмдеу, программалау, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, ақпараттық модельдеу салаларында оқушылардың теориялық білімдері мен практикалық білік пен дағдыларын қалыптастыру;

– оқушылардың алгоритмдік, операциялық және сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін және ақпараттық-коммуникациялық технология құралдары арқылы логикалық, математикалық, зияткерлік және шығармашылық қабілеттерін дамыту;

– ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалануда және этикалық, құқықтық нормаларды сақтауда жауапкершілікпен қарауға, ақпараттық мәдениетке тәрбиелеу.

2.9.2 Информатика кабинетінде СанЕжН сәйкес табиғи және жасанды жарықтандыру болу қажет.

2.9.3 Информатика кабинетіне қажетті аппараттық және программалық қамтамасыз етудің тізімі:

– гарнитурамен (микрофоны бар құлаққап) жабдықталған оқушылар мен мұғалімдерге арналған дербес компьютерлер;

– сенсорлық немесе электромагнитті принциппен жұмыс істейтін интерактивті тақтаны, біріздендірілген мультимедиа-проекторды, интегралданған аудио-жүйесін қамтитын интерактивті жүйе;

– принтерлер, сканерлер;

– компьютерлерді жергілікті желіге қосуға арналған желілік концентратор;

– мұғалім мен оқушылардың жұмыс орнын орталықтан қоректендіруді қамтамасыз ететін электртаратқыш қалқан;

– интерактивті презентациялар, дәрістер, сабақтар өткізуге арналған және стилустің, саусақтың көмегімен тікелей панельге жазуға және сурет салуға мүмкіндік беретін интерактивті кешен.

2.9.4 Әрбір оқушыға жеке компьютерде немесе ұялы құрылғыда жұмыс істеу мүмкіндігі жасалуы тиіс.

2.9.5 Информатика кабинетінде жұмыс орындарының үш нұсқада орналасуы мүмкін: периметрлік, қатар-қатар (1-3 қатарлы), орталық. Периметрлік орналасу кезінде кабинеттегі үстелдер қосымша оқушы үстелдерімен және орындықтарымен жабдықталады.

2.9.6 Оқу кабинетінде қауіпсіздік техникасын (техника қауіпсіздігі бойынша нұсқаулықты жүргізу туралы журнал), өрт қауіпсіздігін, санитарлық-гигиеналық нормаларды сақтау (өрт сөндіргіш құралдары, дәрі қобдишалары), күзету іс-шаралары (жергілікті сигнал беру, терезелерге торлар, темір есіктер) жасалады.

2.9.7 Информатика кабинетінің терезесі солтүстікке, солтүстік-шығысқа қарап: жалюзи түріндегі күннен қорғайтын, реттелетін құрылғылармен, қабырға мен жиһаздар түсіне сәйкес келетін ашық түрдегі мата перделермен жабдықталуы тиіс.

2.8 Информатика кабинеті үшін температураның оңтайлы және мүмкін болатын параметрлері, ауаның салыстырмалы ылғалдылығы.

Ауа температурасы, °C	Ауаның салыстырмалы ылғалдылығы, %	
	Оңтайлы	Мүмкін болатын
18	65	39
19	62	37
20	58	35
21	55	33
22	52	31

2.10 *География кабинеті* жапсарлас екі бөлмеден (оқу кабинеті мен зертхана) болуы қажет.

2.10.1 Күнделікті сабақ, практикалық және өздік жұмыстарды орындау барысында қолдануға қажетті атластар, жұмыс дәптерлері, оқулықтарды, кескін карталарды орналастыру үшін үстелдің үстіңгі ауданы 1300х650 мм-ден кем болмауы тиіс.

2.10.2 Зертхана бөлмесінде оқу бағдарламаларының мазмұнымен қарастырылған карталарды сақтауға шкафтар және қажет уақытында қолдануға ыңғайлы арнайы құрылғы болуы тиіс.

2.10.3 Мектептің географиялық алаңын келесі құрал-жабдықтар кешенімен қамтамасыз ету қажет: математикалық кешен (биіктік өлшеуіш, өлшеуіш жол, горизонталды қашықтықты өлшеуіш, шаршы метр, кубметр (ағаштан жасалған), эклиметр, квадрант, бұрыш өлшеуіштер, координаттық тор сызылған мектеп тақтасы және т.б.); топографиялық кешен (жасанды төбе, жасанды су қоймасы, жергілікті жерді түсіруге арналған жиналмалы ұшаяқты арнайы кешен, тұсбағдар); астрофизикалық-географиялық кешен (гномон, Поляр жұлдызын көрсеткіш, азимут өлшеуіш, ромбтық сақинасы бар бағыттаушы шеңбер, астролябия, күн сағаты, көкжиек тұстарын бағыттаушы, телескоп және фотокамера қоюға арналған құрылғы); метеорологиялық кешен (желбағдар, метеорологиялық үйшік, барометр, гигрометр, термометрлер, қардың қалыңдығын өлшеуге арналған сызғыш, нефоскоп).

2.10.4 Географиялық алаңның көлемі 11 х 11 м-ден кем болмауы тиіс.

2.11 *Биология кабинеті* – табиғаттың тірі нысандарының (өсімдіктер мен жануарларға) бақылау, тәжірибе және демонстрациясының жағдайларын жасауды қамтамасыз етеді.

2.11.1 Биология кабинетінде мұғалім мен оқушылардың жұмыс орындары жиһазбен, су құбырымен, электр құралдарымен, қажетті құрал-жабдықтармен жабдыкталуды талап етеді. Олардың сақталуы, температура режимі санитарлық-гигиеналық талаптарға сәйкес болуы тиіс.

2.11.2 Лабораториялық жұмыстарға арналған оқу жабдықтары және құралдары лаборант бөлмесінде орналасқан секциялық шкафтарда сақталуы қажет.

2.11.3 Биология кабинетінде оқытудың аудио, көзбен шолу құралдарының алуантүрлілігімен қатар, табиғаттың жанды объектілерін бақылауда, тәжірибе жасауға, көрсетілімге қолайлы жағдай жасалуы тиіс.

2.12 *Физика кабинеті* – бұл оқушылармен оқу, факультативті және сабақтан тыс жұмыстар және пән бойынша әдістемелік жұмыстар жүргізілетін, көрнекі құралдармен, оқу қондырғыларымен, жиһазбен және оқытудың техникалық құралдарымен жабдыкталған, оқушылардың физикалық эксперименттер мен зерттеулер орындау дағдысын дамытуға арналған мектептің оқу бөлмесі.

2.12.1 Физика кабинетін арнайы көрсету үстелдерімен жабдықтау (проекциялық аппараттарды басқару пульты, су, электр, кәріз жүйелері) қажет.

2.12.2 Көрнекі құралдардың жақсы көрінуі үшін көрсету үстелі жоғары

қойылуы керек.

2.12.3 Физика кабинетіндегі демонстрациялық және оқу-зертханалық үстелдерге электр энергиясын жүргізу қажет.

2.12.4 Кабинеттегі барлық қосқыштар мен розеткаларға белгі соғылады.

2.12.5 Оқушылар аумағында су және электр қуаты өткізілген екі орындық оқушылық зертханалық үстелдер (қондырғылары бар және қондырғыларсыз) орнатылуы тиіс.

2.12.6 Кабинеттегі медициналық қобдиша, өрт сөндіру құралдары; электр құрал-жабдықтары зақымданудан қорғалған болуы тиіс.

2.13 *Химия кабинеті.*

2.13.1 Әр оқу жылының басында білім алушыларды химия кабинеттеріне (зертханаларға) арналған техника қауіпсіздігі ережелерімен таныстыру қажет.

2.13.2 Лабораторияда: мұғалімнің жұмыс орнын ұйымдастыруға, білім алушылардың жұмыс орнын ұйымдастыруға, оқу құралдарын ұтымды орналастыруға және сақтауға, аппаратураларды қолдануды ұйымдастыруға арналған жиһаздар болуы тиіс.

2.13.3 Лаборанттық бөлмелерде: лаборант жұмысын ұйымдастыруға (демонстрациялық және оқу экспериментін дайындау), оқу құралдарын сақтауға (ең бастысы, химиялық реактивтерді), аппаратураларды сақтауға арналған жиһаздар болуы тиіс.

2.13.4 Мұғалімнің жұмыс орнын ұйымдастыруға арналған жиһаз: қоршалған екі секциядан (демонстрациялық және препараторлық) тұратын демонстрациялық химиялық үстел, препараторлық бөлімінде – жақтаулы; мұғалімге арналған үстел ( $L=800$  мм), мұғалімге арналған орындық.

2.13.5 Химиялық экспериментке арналған жиһаз лаборант бөлмесінде орналастырылады: реактивтерге арналған сөресі бар препараторлық үстел; лабораториялық сорғыш шкаф (қабырғада).

2.13.6 Кабинетте жұмыс қауіпсіздігі туралы нұсқаулықтар, плакаттар топтастырылған еңбек қауіпсіздігі мен қорғау бұрышын дайындау қажет.

2.13.7 Химия кабинетінде сабақтан тыс іс-шаралардан тек қана химиялық үйірме және химия бойынша факультатив сабақтары жүргізіледі. Химия кабинеттерін басқа пәндердің және ұзартылған күн топтарының сабақтарына арналған сынып бөлмелері ретінде пайдалануға тыйым салынады.

2.13.8 Лаборанттық бөлме химия кабинетімен (лаборатория) сынып тақтасы жағына қабаттас орналасады және екі шығу есігі болады: біреуі – кабинетке, басқасы – дәлізге, басқышқа, рекреациялық немесе қабаттас бөлмеге.

2.13.9 Химия кабинетінде (лабораториясы) және лаборанттық бөлмеде суық және ыстық сумен жалғастырылған шұңғылшалар орналастырылуы қажет.

2.13.10 Химия кабинеті (лабораториясы) және лаборанттық бөлме жарықпен, желдеткішпен, су құбырымен, кәрізбен, электржабдықтау жүйесімен, бастапқы өртсөндіргіш құралдарымен және жеке қорғаныс құралдарымен қамтамасыз етіледі.

2.13.11 Химия кабинетіндегі (лабораториясы) оқушыларға арналған үстелдер мен орындықтар СанЕжН талаптарына сәйкес келуі тиіс.

2.13.12 Зиянды әсер ететін булар мен газдардың бөлінуіне әкеп соқтыратын жұмыстарды жүргізу үшін лаборанттық бөлме сорғыш шкафпен жабдықталуы тиіс. Сорғыш шкафтың жоғарғы және төменгі сорғыштары болуы қажет. Сорғыштарды қосу бөлінетін булар мен газдардың тығыздығына байланысты реттелуі тиіс.

2.13.13 Химия кабинетін жарықтандыру СанЕжН талаптарына сәйкес келуі тиіс.

2.13.14 Тиісті табиғи жарықты қамтамасыз ету үшін терезе алдына гүлдерді қоюға болмайды, терезе шынылары шаңнан және кірден жылына кем дегенде 2 рет тазартылуы тиіс. Химия кабинетіндегі (лабораториясы) мұндай жұмысқа білім алушыларды жұмылдыруға тыйым салынады.

2.13.15 Лаборатория и лаборанттық бөлме бөлмедегі температураны 18-21 градус Цельсий шамасында ұстап тұратын, ауа дымқылдығы 40-60 % шамасында болуы қажет есеп арқылы жылытумен және үйлестірілген сорғыш желдеткішпен қамтамасыз етілуі тиіс.

2.13.16 Табиғи желдеткіш ауданы 1/50 еден ауданынан кем емес және үш еселік ауа айналымын қамтамасыз ететін фрамугалар мен желдеткіштердің көмегімен жүзеге асуы тиіс. Фрамугалар мен желдеткіштерді ашуға және жабуға ыңғайлы тетіктермен жабдықталуы тиіс.

2.13.17 Химия (лабораториясы) кабинетіндегі электраспаптар қуаты ажыратқыш трансформаторлары бар қалқаннан электр қосқышқа жалғасқан қорғаушы-сөндіргіш құрылғы арқылы жүзеге асуы тиіс.

2.13.18 Барлық қолданылатын демонстрациялық және лабораториялық электраспаптары оқу кабинеттерінде (сыныптарында) сабақтарды жүргізу кезінде электрқауіпсіздік және еңбекті қорғау бойынша Ережелердің талаптарына жауап беруі тиіс. Электраспаптарының барлық токөткізуші бөліктері оларға кездейсоқ жанасудан сенімді қорғалуы тиіс.

2.13.19 Суқұбыры желісін кабинетке қосудың ортақ вентилі, сонымен қатар оқушылардың лабораториялық үстелдер қатарына, демонстрациялық үстелге және лаборант бөлмесіне ажыратқыштың алдында вентилі болуы тиіс.

2.13.20 Химия кабинетіндегі (лабораториясы) өрт қауіпсіздігі оқу кабинетіндегі сабақтарды жүргізу кезіндегі электрқауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша Ережелерге сәйкес ұйымдастырылады.

2.13.21 Бастапқы контейнердегі барлық реактивтер лаборант бөлмесінде сақталуы тиіс.

2.13.22 Химиялық табиғаты бойынша ерекшеленетін реактивтерді бірге сақтауға жол беруге болмайды. Бейорганикалық және органикалық реактивтерді қосылыстардың кластары бойынша әр түрлі секцияларда сақтайды.

2.13.23 Концентрлік қышқылдар және аммиактың (25%) концентрлік ерітіндісі сорғыш шкафтардың төменгі секцияларында жеке сақталады.

2.13.24 Сейфке улы заттарды (бром, кристалдық йод, калийдің ферро (II)

гексацианиді, калийдің ферро (III) гексацианиді, төртхлорлы көміртек, хлороформ, хлорлы метилен, анилин) және өндірістік қаттамасының этикетінде «У» деген жазуы бар басқа заттарды орналастырады. Бромды тығыздалған тығыны бар, гипс құйылған және құм салынған металл қалбырда орналастырылған ыдыста немесе тығыздалған тығын қалпақша асынды сақтайды.

2.13.25 Металдық натрийді, калийді, кальцийді металл қораптарға орналастырылған, ішінде керосині бар банкіде сақтайды. Литийді вазелин майында сақтайды. Өндірісте дайындалған арнайы балқытылған ампулалардағы сілтілік металдар сақтауға және бірреттік пайдалануға ыңғайлы.

2.13.26 Нитраттардың барлығын бірге, бірлесіп жарылғыш қоспалар түзуі мүмкін органикалық реактивтерден міндетті түрде бөлек, жеке сөрелерде сақтайды.

2.13.27 Көрізге реактивтерді лақтыруға, олардың ерітінділерін, жеңіл тұтанғыш сұйықтықтарды және газтәріздес сұйықтықтарды төгуге болмайды. Оларды келесіде залалсыздандыру үшін жинайды.

2.13.28 Қышқылдар немесе сілтілердің төгіліп қалған судағы ерітінділеріне құрғақ құм немесе ұсақталған құрғақ топырақты себу қажет. Төгілген жерді бейтараптаушы ерітіндімен сүртіп, соңынан сумен жуу қажет.

2.13.29 Химия кабинетіндегі аспаптарды, оның ішінде электраспаптарын құлыптау арқылы кабинеттегі шкафтарда орналастыру қажет. Кез келген құрал-жабдықтарды шкафтарда және реактивтер мен ерітінділерге тікелей жақын жерде сақтауға болмайды.

2.13.30 Ерітінділерді қыздыру үшін тек жұқақабырғалы ыдыстарды пайдалануға рұқсат етіледі. Жұқақабырғалы ыдысты тік ось бойынша ақырындап айналдырып немесе жоғары-төмен ауыстырып, штативтің қысқышында абайлап бекіту қажет.

2.13.31 Денсаулық жағдайларына байланысты медицина ұйымдары арқылы реактивтермен және ерітінділермен жұмыс істеуге тыйым салынған білім алушыларды мектеп әкімшілігі жеке бағдарлама бойынша жұмыспен қамтамасыз етуі тиіс.

2.13.32 Оқу бөлмесіндегі атмосфераны ластауы мүмкін улы заттармен (хлор, күкірттіқышқыл, фосфин, көміртек (II) оксиді, бром, бензол, дихлорэтан, диэтил эфиірі, формалин, сірке қышқылы, аммиак) тәжірибелерді жөнделген сорғыш шкафта немесе аспаптарда – бөлінген заттардың адсорбциясымен тұйықталған жүйелерде жүргізілуі тиіс.

2.13.33 Тәжірибе жасау және жүргізу кезінде сілтілік металдармен, кальциймен, концентрлі қышқылдармен және сілтілермен жұмыс арнайы киімдер жеке қорғаныс құралдарын (халат, алжапқыш, қолғап, көзілдірік) пайдалану арқылы жүргізілуі тиіс.

2.14 *Музыка кабинеті* оқушылардың түрлі музыкалық іс-әрекеттерін ұйымдастыруына мүмкіндік беруі керек (мектеп хоры, вокалды немесе аспапты ансамбльдер).

2.14.1 Оқу кабинетінде білім беру үдерісін ұйымдастыруда музыка

кабинетінің қызметі арнайы құралдармен жабдықталуы қажет.

2.14.2 Музыка кабинеті оқушылардың музыканы тыңдауы мен ән орындауы үшін қажетті шағын сахнасы бар концерт залының қызметін атқаруы тиіс.

2.14.3 Білім алушыларға арналған жеке үстелдер мен орындықтар, көрнекі құралдарды, ноталарды, оқулықтарды қоюға арналған сөрелер немесе шкафтар болуы қажет.

2.14.4 Музыка кабинеті қызметі аясының кең болуына байланысты үш функционалдық кеңістік: вокалдық-хор жұмысы үшін амфитеатр, жазбаша және теориялық жұмыс үшін – үстелдер, музыкалық қозғалыстарға арналған бос орын болуы тиіс.

2.14.5 Музыка кабинеті кең және жақсы желдетілетін болуы тиіс. Ән салу және музыкалық қозғалыстар барысында тыныс алу әрекеті белсенділікке ұшырауына байланысты ауа көп қажет болады.

2.15 *Бейнелеу өнері кабинеті* терезелері көп анағұрлым жарық бөлмеде болуы тиіс.

2.15.1 Бейнелеу өнері кабинетінің терезелері солтүстік, солтүстік-шығыс, солтүстік-батыс (тікелей заттың өзіне қарап сурет салу үшін бір жарықты сақтауға мүмкіндік береді) бетте болуы тиімді болып табылады.

2.16 *Технология кабинеті*: оқу әрекетін ұйымдастыру қыздар үшін және ер балалар үшін жеке-жеке жүзеге асырылады:

- ер балалар арналған: тақта, проектор, ағаш пен металдан жасалған модельдердің үлгілері, техника қауіпсіздігіне арналған плакат, ағаш пен металды қолмен және механикалық түрде өңдеу үлгілері, технологиялық карталар, бұйым жасау кестелері, ағаш және темір өңдеуге арналған токар станоктары, ағаш және темір өңдеуге арналған қол саймандары, электрлік ою ара, бұрғы, ағаш және темір өңдеуге арналған біріктірілген үстелдер;

- қыз балаларға арналған: тақта, проектор, тігін машиналары, астарлап тігу машинасы (жасырын тігіске арналған), доға тәрізді инесі бар, оверлоктар, техника қауіпсіздігіне арналған плакаттар мен кестелер, қолмен жасайтын жұмыстарға арналған саймандар мен құрылғылар, стандартты 34-52 өлшемдеріндегі ер және әйел адам фигуралары манекендері, екінші қайтара өңдеуге арналған жабдықтар – қызуды реттеуші және бумен ылғалдандырушы тетігі бар электр үтігі, үтіктеу тақтайы, баспақтар, бу генераторы, төсеу үстелдері, көрнекілік материалдары: үлгілер, ас дайындап-ішуге арналған ыдыс-аяқ, әртүрлі тұрмыстық техника.

2.16.1 Кабинетті ресімдеу:

- оқу шеберханасында қауіпсіздік техникасы ережелері бойынша плакаттар сериясы;

- көрсету материалдары – дайын бұйымдардың үлгісі, бұйым бөлшектерінің үлгілері және т.б.;

- дидактикалық материал – бағдарламаның барлық тақырыптары бойынша нұсқаулық-технологиялық;

- тарату материалдары – суреттер, барлық бағдарламалардың

тақырыптары бойынша сызбалар.

2.16.2 Технология кабинетінде оқушының (ер балалар үшін) жеке жұмыс орны – верстак немесе артқа шалқаятын, не жылжитын орындығымен жабдықталған арнайы үстел. Верстак (үстел) құрылымы, оқушының бойын есепке ала отырып, биіктігін өзгертуді қамтамасыз етуі қажет, немесе аяққа арналған тіреуіштерді пайдалануға мүмкіндік беру керек.

2.16.3 Жалпы білім беретін мектептеріндегі 5-9 сыныптардың оқушыларына арналған оқу верстақтары ағаш – ағаш өңдеу және графикалық жұмыстарын орындауға арналған; темір – темір өңдеу, монтаждау-құрау, электротехникалық және графикалық жұмыстарына арналған, құрамдастырылған – ағаш, темір өңдеу, монтаждау-құрау, электротехникалық және графикалық жұмыстарға арналған верстак түрлері қолданылады.

2.16.4 Жұмыс орны әртүрлі құрылымдағы арнайы суырмаларда орналасқан үнемі қолдануда болатын құрал-саймандармен жабдықталады.

2.16.5 Оқушының жұмыс орнының мөлшері, орындалатын жұмыс сипаты, жұмыс кезінде дене тұрысы оқушының жұмыс істеу орнының ауданын белгілеуге мүмкіндік беруі тиіс.

2.16.6 Темір (слесарлық) шеберханасындағы оқушының жұмыс орнының ауданы үстел бетінің мөлшерінен саналып шығарылады (ені 500x20 мм, ұзындығы 1000±20 мм) және верстақтар арасынан өтетін орын көлемінен (1000 см) және 5,0 шаршы м. құрайды.

2.16.7 Ағаш шеберханасындағы оқушының жұмыс орнының ауданы үстел бетінің мөлшерінен саналып шығарылады (ені 450x20 мм, ұзындығы 1000±20 мм) және верстақтар арасынан өтетін орын көлемінен 650 см, жалпы 3,2 шаршы метр құрайды.

2.16.8 «Технология» сабақтарындағы оқушылар саны орташа есеппен 15 адам құрайтын мәліметке тірелетін болсақ, оқушының жеке пайдалануға арналған жұмыс аймағының жалпы ауданын белгілеуге болады: темір шеберханасында – 75 ш.м. (5,0 ш.м. x 15), ағаш шеберханасында – 48 ш.м. (3,2 ш.м. x 15).

2.16.9 Еңбекке қызмет ету кабинеті жабдықталуы тиіс:

- магниттік үш жармалы сынып тақтасы 1 дана;
- сызу құрал-жабдықтары 1 сызу құрал-жабдықтарының комплектісі;
- асханалық ыдыс-аяқ 2 жиынтық;
- шай сервизи 1 дана;
- асханалық сервиз 1 дана;
- төрт комфорлы электрлік плита 1 дана;
- тігін машинасы әр оқушыға 1 данадан;
- тігін өнімдерін пішуге арналған үстел 1 дана;
- асхана үстелі 2 адамға 1 дана;
- салқын және ыстық су жуғышы 1 дана;
- асханалық құрал-жабдықтар 2 жиынтық.

2.16.10 Мектептің оқу-өндірістік шеберханалары (бар болған жағдайда) механикалық тартпалы желдеткішпен жабдықталуы тиіс (мектепте ағаш

өңдейтін және металл өңдейтін шеберханалар үшін жеке бөлме беріледі, көбінесе мектептерде құрамды шеберханалар).

2.16.11 Құрамды шеберханалар станоктармен жабдықталады:

- көлденең-фрезерлік НГФ-110-Ш4 1 дана;
- оқу қайрақтары ЭТШ-1 1 дана;
- бұрғылау үстелі 2М 112 2 дана;
- фуговалдық аралау үстелі ФПШ-5м 1 дана;
- токарлық-бұранда кескіш ТВ-5 немесе ТВ-6 3 дана;
- ағаш кесу бойынша токарлық СТД-120М 2 дана;
- электр қайрақ ЭТ-75 1 дана.

2.16.12 Станоктар мен механизмдер санитарлық нормалардың талаптарына жауап беру керек және тиісті қорғау құралдары болуы тиіс.

2.16.13 Шеберханаға металды өңдеу үшін – токарлық, ағаш өңдеу үшін – слесарлық, құрамалы үстелдері орнатылады. Қажетті құрал-жабдықтар мен аспаптар тізбесі пәннің барлық бөлімдері бойынша оқу бағдарламаларын орындауға себеп болуы тиіс.

2.16.14 Ұжымдық пайдаланудағы станоктік жабдық оқу шеберханаларында нормативтік және санитарлық-гигиеналық талаптарға сәйкес болуы тиіс.

2.16.15 Фрезерлік және токарлық-бұрама станоктарын терезеге қарсы немесе жарық беретін қабырғалары бойында орналастыру керек.

2.16.16 Ағаш өңдеу токар станоктары ағаш өңдеу шеберханаларында арнайы үстелдер үстінде орнатылады және ауа тазартатын сорғыштармен жабдықталады.

2.16.17 Механикалық (сулы қайрақ) және электрқайрағы басқа станоктардан бөлек орнатылады, мұғалімнің үстеліне жақын жерде, сонымен бірге, ауа тазартатын сорғыштармен жабдықталады.

2.16.18 Сүргілейтін және дөңгелектеп кесетін станоктар қосалқы бөлмеде орнатылады, ондағы жұмыстарды тек технология пәні мұғалімі орындайды.

2.16.19 Аталған станоктардың барлығында кернеуі 36В құрайтын жергілікті жарықтандыру орнатылады. Шамдар 30°-тан төмен емес қорғаушы бұрышы бар жарық өткізбейтін материалдан жасалған шағылдырғыштармен жабдықталуы керек.

2.17 *Спорт залы* гимнастикалық құралдармен және жалпы білім беретін мектептердің дене шынықтыру залдарына арналған құралдарымен жабдықталуы тиіс.

2.17.1 Төменгі сынып жасындағы оқушыларға (6-10 жас) қажет құралдар: шағын доптар (теннис добы), орташа және үлкен доптар (волейбол, баскетбол), түрлі-түсті жалаушалар, құм салынған қапшықтар, дәлдікті шыңдауға арналған нысана. Аталған құралдардың саны – 40 дана.

2.17.2 Оқу бағдарламасына сәйкес құралдар: секіргіш жіп, сырғауыл, гимнастикалық таяқ, жалаушалар (оқушылар санына есептелген), стандартты батпандар, салмағы 0,5 кг және одан жоғары стандартты емес батпандар, салмағы 1 кг және одан жоғары нығыздалған доптар.

2.17.3 Спорт ойындарына арналған доптар: футбол, волейбол, баскетбол, гандбол доптары (оқушылар санына есептелген), волейбол торы (1-2 дана); алаңдар: баскетболға, волейболға арналған, жабдықталған футбол алаңы.

2.17.4 Лақтыруға арналған доптар: теннис, хоккей ойындарының доптары, арнайы доптар (салмағы 150 г. (оқушылар санына есептелген)).

2.17.5 Шаңғы құралдары: шаңғылар, таяқтар, бәтеңке бекіткіштері, шаңғы бәтеңкелері (оқушылар санына есептелген).

2.17.6 Гимнастика сабағына арналған құралдар: гимнастикалық қалың төсеніштер, гимнастикалық орындықтар – 10 данадан кем емес, түрлі биіктіктегі арыс, керме, гимнастикалық бөрене, серіппе-секіргіш, гимнастикалық ат.

2.17.7 Жеңіл атлетика сабағына арналған құралдар: ұзындығы 30 м және одан ұзын жүгіру жолдары, секіруге арналған шұңқыр, бір орыннан секіруге арналған орын, салмағы 300 г, 500 г, 700 г гранаталар (әр салмақ бойынша 10 дана), биіктікке секіруге арналған баған мен сырық (1-2 дана).

2.17.8 Қозғалмалы ойынға арналған құралдар: «Орыс лаптасы» ойынының соққы-таяғы; тоғызқұмалақ, асық, қамшы, орамал секілді ұлттық ойын құралдары.

2.17.9 Көркем гимнастика және ырғақты гимнастикаға арналған құралдар: әуен дискілері бар музыка орталығы, шағын доптар, сырғауыл, секіргіш жіп, лента (қыздардың санына қарай).

2.17.10 Жүзуге: бассейн, себізгі (мүмкіндікке қарай).

2.17.11 Спорт залдың құрал-жабдықтары (5-9 сыныптар):

- биік гимнастикалық бөрене;
- түрлі биіктіктегі арыс;
- арыс;
- өрмелеуге арналған арқан;
- гимнастикалық ат;
- гигиеналық жабыны бар поролон маталар;
- гимнастикалық серіппе-секіргіш;
- гимнастикалық қабырға;
- шаңғы және коньки спортына қажет құрал-жабдықтар;
- жеңіл атлетикаға қажет құрал-жабдықтар;
- туризмге қажет құрал-жабдықтар;
- спорт ойындарына қажет құрал-жабдықтар;
- алғашқы дәрігерлік көмек көрсетуге арналған қобдиша.

2.17.12 Спорт залдың құрал-жабдықтары (10-11-сыныптар):

- гимнастика сабағын өткізуге қажет құрал-жабдықтар;
- шаңғы жарысына және конькимен жүгіруге қажет құрал-жабдықтар;
- жеңіл атлетикаға қажет құрал-жабдықтар;
- спорт ойындарына қажет құрал-жабдықтар;
- атлетикалық гимнастикаға қажет құрал-жабдықтар;
- сыныптан тыс жұмыстарды өткізуге қажет құрал-жабдықтар

(тоғызқұмалақ, шахмат, дойбы).

2.17.13 Дене шынықтыру пәнінің мұғалімі сабақ өткізілетін орынның санитарлық-гигиеналық талаптарға сәйкес келуін әрдайым қадағалап отыруы керек. Сонымен қатар бірқатар талаптарды ескере отырып, аланды және спорт залды сабаққа уақытылы дайындап отыруы қажет.

2.18 *Алғашқы әскери дайындық (АӘД) кабинеті* алғашқы әскери дайындық, өмір қауіпсіздігінің негіздері, азаматтық қорғаныс бойынша бірқатар практикалық және теориялық сабақтарды, әскери-патриоттық тәрбие жұмыстарын, сондай-ақ, сабақтан тыс уақытта үйірме жұмыстарын жүргізуге арналған оқу-тәрбие үдерісінің материалдық базасы болып табылады.

2.18.1 Жалпы білім беретін мектептердің алғашқы әскери дайындық пәнінің оқу материалдық-техникалық базасы: алғашқы әскери дайындық кабинеті; оқу қарулары мен әскери-техникалық мүлікті сақтайтын бөлме; алғашқы әскери дайындықты оқу-үйрену қалашығы; ату тирінен құрылады.

2.18.2 Күндізгі қарауылдың міндеттерін практикалық оқуға арналған орын кабинеттен шыға берісте немесе кабинетке жақын басқа оқитын жерде жабдықталады және құжаттамалары бар стенд, кітаптар мен журналдар макетінен, телефон аппаратының макетінен тұрады. Өрт сөндіру құралы (өрт сөндіргіш) күндізгі қарауылдың жанында орналасады.

2.18.3 Ату тирі – арнайы жабдықталған бөлме немесе сол оқу орны орналасқан жердің үлескісі. Ол артта оқ линиясымен, алда – оқ қағарлар және қабырғалармен, қырынан – тирдің аумағынан оқтың ұшып кетуіне кедергі жасайтын қабырға немесе стенд.

2.18.4 Тирлер ашық, жартылай жабық, сондай-ақ 25,50 метр және одан да көп темірбетон трубалар қолданып, ықшамдалғаны болады. Бұл жерде айналадағылар үшін толық қауіпсіздікті қамтамасыз етіп, ату аумағына адамдар мен жануарлардың кіру мүмкіндіктерінің алдын алу керек. Стенділер атуға даярлық бойынша жабдықталады.

2.18.5 Оқу-үйрену қарулары мен әскери-техникалық мүліктерді сақтауға арналған бөлме сабақ өткізуге арналған оқу-материал базасын сақтауға, күтіп-баптауға және дайындауға арналған. Ол оқу-үйрену қарулары мен әскери-техникалық мүліктерді сенімді қорғауды қамтамасыз етуі керек.

- мүліктерді қоюға арналған сөрелер (стеллаждар);
- қаруды сақтауға арналған пирамида;
- өртке қарсы құралдар;
- АӘД арналған әскери-техникалық мүлік жинақтары.

2.18.6 Сақтау қоймасын алғашқы әскери дайындық бөлмесімен қабырғалас бөлмеге жабдықтаған дұрыс.

2.18.7 Терезелер темір тормен қапталған болуы керек.

2.18.8 Алғашқы әскери дайындық оқу-үйрену қалашығы мектеп аумағында орналасады және ол асфальтталған алаңда оқу-құралдарымен жабдықталған болуы керек. Оған мыналар жатады:

- саптық дайындықтан сабақ өткізетін орын;
- сақшының міндеттерін іс жүзінде үйренуге арналған орын;

- жабдықталған тактикалық алаң мен ату қалашығы;
- спорттық шағын қала.

2.18.9 Алғашқы әскери дайындық қалашығын салған кезде, оқу құрал-жабдықтарының элементтерін қайта құру арқылы тактикалық және атыс сабақтарына қажет түрлі комбинацияларды құру мүмкіндіктерін қарастырған дұрыс.

2.18.10 Білім беру ұйымдарындағы ату тирі – бұл кіші калибрлі винтовкадан нысанды атуға арнайы жабдықталған құрылым. Сабақ кезінде тирде қауіпсіздік шаралары сақталып, оқушылармен тиісті нұсқаулар жүргізілуі керек. Білім беру мекемелерінде ату тирінің болуы міндетті емес.

### **3 Оқу кабинеттерін оқу-әдістемелік қамтамасыз етуге қойылатын талаптар**

3.1 Оқу кабинеттерінде Мемлекеттік стандарттың орындалуын қамтамасыз ететін негізгі нормативтік құжаттары болуы керек.

3.2 Оқу кабинеттерін оқу-әдістемелік қамтамасыз ету – білім беру үдерісін жүзеге асыру үшін қажетті құрал-жабдықтардың оқу кабинеттерінде болуы. Оқу құрал-жабдықтары – білім, білік, дағдыны қалыптастыру көзі.

3.3 Кабинеттің оқу-материалдық базасы: көрсету, дидактикалық, тарату материалдары, пән бойынша әдебиеттер (аударма және түсіндірме сөздіктері), тақырыптар мен деңгейлері бойынша оқыту бағдарламаларынан тұрады.

3.4 Оқу кабинеттерін оқу-әдістемелік қамтамасыз етуде төмендегі талаптар ескерілуі қажет:

- функционалдық (оқу-әдістемелік ортаның әрбір элементінің функционалдық бағыты болуы және білім беру үдерісінде қолдануы керек);

- сәйкестілік (оқу кабинетінің оқу-әдістемелік ортасы оқу бағдарламаның ерекшеліктеріне, бейіндік бағыттың талаптарына, білім алушылардың антропометриялық параметрлеріне сәйкес болу керек);

- коммуникациялық (оқу кабинетінің оқу-әдістемелік ортасының ақпараты жеткілікті және қолайлы, көру және дыбыстық байланыспен қамтылған, еркін қимылдауға және қозғалуға мүмкіндік жасалған болу керек);

- үйлесімдік (оқу кабинетінің ақпараттық-пәндік ортасын құру білім беру үдерісінің барлық субъектілерінің қатысуымен жүргізілуі керек);

- идеялардың ерекшелігі, кабинеттің оқу-әдістемелік ортасын ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдердің маңыздылығы.

3.5 Дидактикалық, тарату материалдары мен пән бойынша әдебиеттер тізбесі «Жалпы білім беретін мектептерге арналған көрнекі оқу құралдары мен оқу жабдықтарының үлгілік тізбесіне» сәйкес келуі тиіс.

3.6 *Мектеп кабинетін ресімдеу бойынша жалпы әдістемелік ұсынымдар.*

3.6.1 Оқу кабинетінің ресімделуі эстетикалық қағидаларды ескере отырып, бірыңғай стильде жүзеге асырылуы тиіс, яғни тұлғаның үйлесімді жетілуіне ықпал етуі керек.

3.6.2 Кабинеттің артқы қабырғасына немесе сынып бұрыштарында оқу жабдықтарын сақтауға арналған секциялық шкафтар орналастырылуы тиіс.

3.6.3 Бүйір қабырға (терезеге қарама-қарсы) тұрақты немесе уақытша көрнекі-құралдар үшін пайдаланылады.

3.7 Оқытудың түрлі кезеңдері мен пәнаралық байланыстардың сабақтастық қағидалары оқыту объектілері мен оқу-әдістемелік кешендер (оқулық, жұмыс дәптері, аудиотаспалар, мұғалімге арналған кітаптар, оқуға арналған кітаптар) құралдар топтамасының тізімін қосқандағы есебімен жүзеге асырылады, онда мектепте пәнді оқытудың толық курсы қамтылады. Осы оқу-әдістемелік кешендердің ішкі құрылымы, олардың мазмұны, материалды берудің тәсілдері және оқу әрекетін ұйымдастыру қағидалары білім алушыларға оқу сатысында табысты «түйісуге» мүмкіндік береді.

3.8 Аталған құралдар мен материалдық-техникалық қамтамасыз етілудегі объектілердің нақты саны сыныптағы толымдылықтың орташа есебімен жүргізіледі (25-30 білім алушы), оның ішінде сыныпты топтарға бөлу жағдайы ескеріледі.

Білім беру үдерісін ұйымдастыру бойынша оқу жабдықтарының саны оқу кабинеттерінің санымен есептеледі. Бұл ретте, аталған техникалық құралдардың маңызды бөлігін пайдалану пәнішілік қана емес, жалпы оқу міндеттерін шешумен байланысты.

3.9 Білім беру үдерісін ұйымдастыру бойынша сандық көрсеткіштерді айқындау мақсатында, символикалық таңбалардың келесі жүйесі пайдаланылады:

- Д – демонстрациялық дана (1 дана, арнайы келісілген жағдайдан басқа);
- К – толық жинақ (сыныптағы шын мәніндегі толымдылық нәтижесінде);
- Ф – фронталдық жұмыстарға арналған жинақ (шамамен толық жинаққа қарағанда екі есе аз, яғни екі білім алушыға 1 данадан кем емес);
- П – бірнеше білім алушылар бойынша есептелетін, практикалық топтық жұмыстарға қажетті жинақ (6-7 дана).

3.10 Кабинетте мұғалімге арналған әдістемелік әдебиеттің жеткілікті жиынтығын қарастыру қажет, ол әдістемелік журналдар, арнайы әдістемелік әдебиет, психология бойынша әдебиеттер, анықтамалық әдебиет болуы тиіс.

3.11 Кабинетте оқу орнының аталған типінің бағдарламасы бойынша курсқа арналған оқу кітаптары түріндегі оқу құралдарының толық жиынтығы; оқулықтар (топтағы білім алушылардың саны бойынша), сөздіктер (екі тілді, топтағы білім алушылардың саны бойынша) болуы тиіс.

3.12 Кабинеттің оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуіне қажетті құрал-жабдықтар төмендегідей топтастырылады:

- 1) көру (визуалды) құралдары, олар: кестелер, карталар, сызба нұсқалар, табиғи объектілер (кеппешөптер, минералдар т.б. жиынтықтары) және т.б.;
- 2) аудио құралдар: радио, магнитофон, музыка аспаптары т.б.;
- 3) интерактивті тақта, теледидар, бейнетаспа, дыбысты фильмдер т.б.;
- 4) сөздік құралдар: оқулықтар, қосымша әдебиеттер, сөздіктер, анықтамалықтар, әдістемелік құралдар, мәтіндер және т.б.

3.13 *Бастауыш сынып кабинеті.*

3.13.1 Тіл және әдебиет пәндерін оқыту үшін оқу-әдістемелік қамтамасыз ету:

- 1) оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес көркем әдебиет, көлемді және шағын суретті кітаптар, өлең жинақтары, ертегілер жинақтары, аңыздар, газет-журналдар, ақындар, жазушылар туралы аудиожазбалар мен бейнефильмдер;
- 2) мультфильмдер, ертегілер жинақтары, деректі және көркем фильмдер;
- 3) постерлер (ватмандар);
- 4) түсіндірме, орфографиялық сөздіктер; синонимдер, антонимдер, фразеологизмдер сөздіктері; грамматика, орфография, пунктуация анықтамалықтары; энциклопедиялар;
- 5) әртүрлі мамандықтардың арнайы киімдері, маскалар, ұлттық киімдегі

куыршақтар (сахналауға арналған);

6) дидактикалық материалдар; кеспе әріптер, буындар, әріптер кассасы, алфавит, суретті алфавит, сюжеттік суреттер және т.б.;

7) көрнекі құралдар (иллюстрациялар, портреттер, кестелер);

8) ұлттық киімдер, сахналық костюмдер, декорациялар, ұлттық ойындар ұйымдастыруға арналған құрал-жабдықтар.

3.14 Бастауыш мектепке арналған «Математика» пәнін оқытуға қажетті құрал-жабдықтар:

1) оқулықтар, дидактикалық материалдар, анықтамалықтар, энциклопедиялар;

2) мұғалімге арналған анықтамалықтар мен әдістемелік әдебиеттер картотекасы;

3) жеке және топтық жұмыстарға арналған тапсырмалар жинағы;

4) кеңістіктік фигураларды жобалауға арналған материалдар жиынтығы (құрастырмалы материалдар, жіптер, т.б.);

5) әртүрлі модельдер және эксперименттер жасауға арналған материалдар; түсті қағаз, қатырма қағаз, ермексаз, қайшылар, ұзындықтары әртүрлі жіптер, домино, таяқшалар, өлшеу құралдары, т.б.;

6) санауға арналған материалдар (үрмебұршақтар, монеталар, фишкалар, геометриялық фигуралар);

7) магниттік фигуралар мен белгілер жиынтығы;

8) жеке шағын маркерлік тақталар, геометриялық фигуралар құрастыруға арналған изометриялық тақталар;

9) демонстрациялық плакаттар жиынтығы (көбейту кестесі, өлшем бірліктері кестесі, т.б.);

10) демонстрациялық құралдар (сағат циферблаты, таразы, түрлі көлемді өлшеуіш ыдыстар, геометриялық денелер жиынтығы, бүтіндер мен оның бөлшектері, т.б.);

11) - түрлі сызғыштар, циркульдер, метрлік ленталар, палеткалар;

12) разрядтық бірліктерді демонстрациялауға арналған математикалық конструкторлар (бірліктер, ондықтар, жүздіктер, мыңдар).

3.15 Бастауыш мектепке арналған «Дүниетану» пәнін оқытуға қажетті құрал-жабдықтар:

1) карталар (физикалық, тарихи, географиялық);

2) Қазақстанның табиғатын бейнелейтін суреттер, фотографиялар, кітаптар, фильмдер;

3) пайдалы қазбалар мен минералдар коллекциясы;

4) микроскоп, компас, глобус, үлкейткіш шыны, колба, шыны ыдыстар, термометр;

5) тақырыптық демонстрациялық материалдар (тарихи тұлғалар мен өнер қайраткерлерінің портреттері, тәуелсіз Қазақстан тарихын бейнелейтін суреттер, Қазақстанның географиялық рельефі, климат және ауа райы, минералдық ресурстар, туризм, табиғи құбылыстар, табиғи апаттар, баспана және отбасы, мектеп, туған өлке, денсаулық және қауіпсіздік);

- 6) бейне және аудиоресурстар;
- 7) энциклопедиялар, анықтамалықтар.

3.16 Бастауыш мектепке арналған «Жаратылыстану» пәнін оқытуға қажетті құрал-жабдықтар:

Пәнді оқыту үшін арнайы зертхананың болуы міндетті емес, қажет болған жағдайда математика, физика, химия кабинеттерінің ресурстарын пайдалануға болады.

- MGA (датчиктердің көмегімен деректерді тіркеуге арналған құрал);
- үздіксіз қуат беру көзі;
- батарея (таблетка) және ұстағыштар;
- қосқыш сымдар;
- ток аударғыш; 2-4V лампалары және ұстағыштар;
- деректермен жұмыс жасауға арналған компьютерлік бағдарламалар;
- глобус; Күн жүйесінің моделі;
- түрлі модельдер мен муляждар; бөлме өсімдіктері;
- тақырыптарға сәйкес кестелер, плакаттар; тақырыптық бейнематериалдар коллекциясы;
- пайдалы қазбалар мен минералдар коллекциясы;
- айна; жарық көздері; жылу көздері;
- ерітінділер; термикалық ыдыстар;
- колбалар; сыны ыдыстар; лупалар; спирт шамдар;
- сүзгі қағаздар; қорғаныш көзілдірігі;
- микроскоп; термометр;
- таразылар (қолтаразы және электрондық); жарық датчиктері;
- таймерлер; динамометрлер; өлшеуіш рулеткалар;
- секундомер; дыбыс көздері (музыкалық аспаптар, т.б.);
- калориметрлер (термостар);
- түрлі ток өткізгіш заттар жиынтығы (шыны, мыс, болат, алюминий, резина, пластмасса);
- магниттік компас; телескоп;
- түрлі көлемдегі магниттер жиынтығы;
- магниттік тақта;
- өсімдіктер гербарийі;
- топырақ түрлерінің коллекциясы;
- Қазақстанның физикалық картасы, тақырыптық карталар;
- жануарлар тұлыбы; тірі табиғат бұрышы (тотықұстар, балықтар, үй қояндары, т.б.);
- адам қаңқасы;
- энциклопедиялар, анықтамалықтар;
- флипчарт.

3.17 Бастауыш мектепке арналған «Бейнелеу өнері» және «Еңбекке баулу» пәндерін оқыту үшін кабинет сурет, көркем сурет, өрнектер дайындау және т.б. әрекеттерге үйретуге қажетті ресурстармен қамтамасыз етілуі керек. Өнердің кейбір түрлері туралы сабақ өткізу үшін арнайы құрал-жабдықтары (муфель

пеші) бар бөлме ескерілуі мүмкін.

3.17.1 «Бейнелеу өнері», «Еңбекке баулу» пәндерін тиімді оқытуға арналған құрал-жабдықтар:

- ақ, қызыл немесе сұр (сары) сазбалшықтар және оларды сақтауға арналған ыдыстар;

- сазбалшықпен жұмыс істеуге арналған аспаптар жиынтығы (пышақ, ағаш таяқшалар, сызғыштар);

- муфель пеші;

- диаметрі әртүрлі сымдар;

- *Modroc* (гипс жағылған бинт) және ыдыстар;

- ағаш;

- қарапайым тоқыма станоктары;

- түрлі-түсті тоқыма жіптері;

- түрлі-түсті мақта жіптері;

- жүн және киіз жасайтын құралдар;

- батикке арналған құралдар мен материалдар;

- қолмен тігуге арналған құралдар мен материалдар;

- кестелеуге арналған құралдар мен материалдар;

- маталар жиынтығы, аксессуарлар;

- түрлі-түсті қағаздар, сурет салуға арналған қағаздар, газет қағазы, ватмандар, гофрлі қағаздар; түрлі-түсті картондар;

- кескіштер;

- ламинатор;

- *Polyprint* (полистирол);

- су негізді баспаға арналған бояулар;

- валиктер;

- бояуларға арналған ыдыстар;

- бояулар: түрлі-түсті гуашьтар, акрил, акварель, тушьтар сиялар;

- қылқаламдар жиынтығы;

- шпатель, мастихин жиынтығы;

- қайшылар, ПВА желімі, көлемдері әртүрлі скотчтар, екі жақты скотч;

- қарындаштар жиынтығы: түрлі-түсті қарындаштар, графиттік таяқшалар;

- өшіргіштер, ұштағыштар;

- фломастерлер;

- борлар; пастельдер;

- палитра;

- мольберттер;

- қорғаныш құралдары (қорғаныш көзілдірігі, қолғаптар, алжапқыштар, т.б.).

3.18 *Қазақ тілі мен әдебиеті кабинеті (негізгі мектеп, орта мектеп).*

3.18.1 Қазақ тілі мен әдебиеті кабинетінің оқу-көрнекілік жабдықтары:

- оқу-көрнекі құралдардың тақырыптық аннотацияланған картотекасы;

- хронологиялық тәртіпте немесе оқу тақырыбына сәйкес ілінген классиктердің портреттері;

- акын, жазушылардың, қоғам қайраткерлерінің портреттері;
- тіл үйренуде рөлдік ойындар ойнауға қажетті ойыншықтар, суреттер;
- пәндік ережелердің, сызбалардың топтамалары (плакаттар);
- мұғалімдерге арналған әдістемелік, дидактикалық құралдар;
- диктанттар мен мазмұндамалар жинақтары;
- қазақ тілінің түсіндірме сөздігі;
- орфографиялық сөздік;
- антонимдер сөздігі;
- синонимдер сөздігі;
- омонимдер сөздігі;
- фразеологиялық сөздіктер;
- олимпиада тапсырмалары мен ғылыми жоба жарыстарының тақырыптары бойынша ізденіс жұмыстары;
- тақырыптар бойынша әр жылдарда жарияланған мақалалар жиынтығы;
- дидактикалық материалдар жиынтығы;
- сыныптар бойынша практикалық жұмыс тапсырмаларынан құрастырылған үлестірмелі материалдар;
- қазақ тілі жаттығуларының мазмұны және оқу бағдарламасының бөлімдері мен тақырыптары бойынша жүйеленген ақпараттық банктері;
- деңгейлік тапсырмалар үлестірмелі материалдары жиынтығы.

### 3.18.2 Қазақ тілі мен әдебиеті пәндеріне қажетті әдебиеттер:

- 1) қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің оқулықтары мен оқу құралдары;
- 2) ғылыми-танымдық, анықтамалық, әдістемелік әдебиеттер;
- 3) сыныптан тыс оқуға арналған басылымдар;
- 4) қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің оқу бағдарламаларының жиынтығы;
- 5) пән мұғалімдерінің жеке портфолиолары;
- 6) оқушылар портфолиолары.

### 3.19. *Орыс тілі мен әдебиеті кабинеті.*

#### 3.19.1 Орыс тілі мен әдебиеті кабинетінің оқу-көрнекілік жабдықтары:

- 1) аудиовизуальные материалы;
- 2) проектор, интерактивная доска;
- 3) флипчарт;
- 4) маркеры;
- 5) ламинатор;
- 6) аутентичный материал;
- 7) постеры;
- 8) печатные, экранные, звуковые и экранно-звуковые пособия, демонстрационный и раздаточный материал.

#### 3.19.2 Книжный фонд для воспитания культуры речи и чтения и для формирования навыков самостоятельной работы:

- 1) словари школьного типа, адресованные учащимся (орфографические, фонетические, толковые, фразеологические, словообразовательные, иностранных слов и др.);
- 2) по литературе: комментарий к художественным произведениям, краткий

словарь литературоведческих терминов, справочники (пособия для учащихся серии «Литература. Справочные материалы», «Литература учит» и др.), облегчающие организацию самостоятельной работы учащихся;

3) литература, соответствующая возрастной категории;

4) журналы, соответствующие возрастной категории;

5) книги и брошюры с картинками;

6) энциклопедии;

7) комплекты научно-методических книг: программы, учебники, методические рекомендации к учебникам, хрестоматиям, сборники дидактических материалов, изложений, диктантов и др.;

8) картотеки: систематические, тематические, поурочные;

9) экспозиционные стенды для организации выставки: тетрадей, книг, справочных таблиц, карточек со словами для запоминания, календаря знаменательных дат (это могут быть открытые стенды и закрытые застекленные витрины для обеспечения сохранности ценных экспонатов).

Специфика предметов «Русский язык» и «Литература» предполагает использование и нестандартной мебели. Это – кафедра, трибуна для докладчика, оратора, мягкие кресла для посетителей литературной гостиной, слушателей в кабинете риторики.

### 3.20 Шетел тілі кабинеті.

#### 3.20.1 Шетел тілі кабинетінің оқу-көрнекілік жабдықтары:

1) оқу-көрнекі құралдардың тақырыптық аннотацияланған картотекасы;

2) алфавит транскрипциясымен;

3) түрлі суреттер;

4) рөлдік ойындарды ұйымдастыруға арналған ойыншықтар;

5) үлестірме дидактикалық материалдар;

6) анықтамалар.

#### 3.20.2 Шетел тілі кабинетінің оқу-әдістемелік жабдықтары:

1) шетел тілі бойынша бағдарламалар;

2) оқулықтар (топтағы оқушылар саны бойынша);

3) сөздіктер (екі тілде, топтағы оқушылар саны бойынша);

4) мұғалімге арналған әдістемелік құралдар, арнаулы әдістемелік әдебиеттер;

5) «Мектептегі шетел тілі» әдістемелік журналдары;

6) шетел тіліне оқытатын бағдарламалар болуы қажет.

### 3.21 Математика кабинеті.

#### 3.21.1 Математика кабинетінің жарақтандырылуы:

1) белгіленген панельдері бар сынып тақталары:

- координаталық бұрыштың;

- координаталар жүйесінің;

2) магнитті тақта;

3) бейнедемонстрация жасау үшін экран-тақта;

4) демонстрациялық бейнелер мен суреттер салуға арналған сызбалық керек-жарақтар жиынтығы.

### 3.21.2 Математика кабинетінің оқу-көрнекілік жабдықтары:

- оқу-көрнекі құралдардың тақырыптық аннотацияланған картотекасы;
- геометриялық фигуралар және стереометриялық денелер жиынтығы;
- көпжақтар мен айналу денелерінің моделдері және жазбалары;
- зертханалық-тәжірибелік жұмыстар жүргізуге арналған математикалық

модельдер жиынтығы.

### 3.21.3 Математика кабинетінің оқу-әдістемелік жабдықтары:

– оқу-әдістемелік құралдар кітапханасы және оған библиографиялық картотекасы;

– ғылыми-танымал әдебиеттер кітапханасы және оған библиографиялық картотека;

– анықтамалық әдебиет кітапханасы;

– дидактикалық материалдар жиынтығы;

– үлестірмелі материалдар жиынтығы;

– орталықтандырылған тестілеу материалдарының тақырыптық картотекасы;

– орталықтандырылған тестілеу материалдары тапсырмаларының тақырыптық ақпараттық базалары;

– математикалық есептердің мазмұны, оқу бағдарламасының бөлімдері мен тақырыптары, шығарылу әдістері бойынша жүйеленген ақпараттық материалдар;

– оқу-көрнекілік және оқу-әдістемелік жабдықтар картотекасы.

### 3.22 Информатика кабинеті.

#### 3.22.1 Информатика кабинетінің оқу-әдістемелік жабдықтары:

1) оқулықтар мен әдістемелік құралдар, жұмыс дәптерлері;

2) бағдарлама жасау бойынша әдістемелік құралдар;

3) бағдарлама жасау бойынша бақылау және өздік жұмыстарының жиынтығы;

4) бағдарлама жасау бойынша есептер жинағы;

5) бағдарлама жасау бойынша ЯП Паскаль тапсырмаларының жиынтығы;

6) зертханалық жұмыстар жиынтығы;

7) тақырыптар бойынша тест жұмыстарының жиынтығы;

8) энциклопедиялар, анықтамалықтар;

9) тақырыптарға сәйкес кестелер (электронды нұсқада болуы мүмкін);

10) дидактикалық материалдар;

11) үлестірме тапсырмалар жиынтығы.

### 3.23 География кабинеті.

#### 3.23.1 География кабинетінің жарақтандырылуы:

1) Оқу-көрнекі құралдардың тақырыптық аннотацияланған картотекасы;

2) Жерді зерттеушілер мен саяхатшылардың портреттері болуы тиіс;

3) Туған өлкені оқып-үйренуге арналған бұрыш.

3.22.2 Физикалық географияның бастапқы курсын оқу барысында қажетті жер бедерінің (таулардың, жазықтардың, ойпаттардың, өзен аңғарының т.б.) макеттері болуы тиіс.

3.23.3 Геологиялық экспозициялар жиынтығы (тау жыныстары, минералдар, пайдалы қазбалар, топырақ түрлері), отын-энергетика, қара металлургия, түсті металлургия, химия өнеркәсібіне, құрылыс өнеркәсібіне қажетті шикізат үлгілері топтамасы, қара, түсті металлургия, химия және құрылыс өнеркәсіптері өнімдерінің топтамасы («Таза талшықтар», «Жасанды талшықтар», «Синтетикалық талшықтар», «Құрылыс өнеркәсібі өнімдері», «Ағаш өңдеу өнеркәсібі өнімдері» топтамалары және т.б.).

3.23.4 Кеппешөптік мәдени өсімдіктердің, мал шаруашылығына қажетті жемдік өсімдіктердің жиынтықтары.

3.23.5 География кабинетінің оқу-әдістемелік жабдықтары:

1) оқу-әдістемелік құралдар кітапханасы және оған библиографиялық картотека;

2) ғылыми-танымал әдебиеттер кітапханасы және оған библиографиялық картотека;

3) анықтамалық әдебиет кітапханасы;

4) дидактикалық материалдар жиынтығы;

5) үлестірмелі материалдар жиынтығы;

6) орталықтандырылған тестілеу материалдарының тақырыптық картотекасы;

7) оқылатын елге байланысты елтану альбомдарды;

8) олимпиада материалдарының жиынтық папкасы.

3.24 *Биология кабинеті.*

3.24.1 Биология кабинетінің жарақтандырылуы:

1) интерактивті тақта, теледидар (алдыңғы қабырғаға кронштейнге орнатылады);

2) бейнетаспалар (тақырыптарға сәйкес);

3) экрандық-дыбыстық құралдар: мұғалімдерге арналған мультимедиялық электрондық құралдардың «Биология курсы бойынша лабораториялық жұмыстар және практикум» жиынтығы, жалпы білім беретін мектеп кабинеттеріндегі демонстрациялық және оқу-лабораториялық құралдарды қолдану бойынша басшылық;

4) арнайы лабораториялық жиһаздар жиынтығы, лаборант бөлмесіне арналған құрал-жабдықтар: аналитикалық таразыға арналған үстел, аналитикалық таразы, муфель пеші, муфель пешіне арналған үстел, кептіру шкафы, мұздатқыш шкаф, лаборант бөлмесіне арналған шкаф-стеллаж, мұғалім мен лаборантқа арналған дистилляторға арналған үстел, құрал жабдықтарға арналған үстел-арба.

3.24.2 Биология кабинетінің оқу-көрнекілік жабдықтары:

1) табиғи нысандар: коллекциялар, кеппешөптер, микропрепараттар, ылғалды препараттар (жануарлардың ішкі және сыртқы құрылысын және жануарларды дамуын бейнелейтін);

2) оқытуды бейнелеу құралдары: модельдер (көлемді: түрлі туыстастардың гүл құрылысы, жануарлар мен адамдардың жеке дене бөліктерінің құрылысы, модель-аппликациялар, остеологиялық), муляждар, кәсіпшілік немесе адамдар

асырайтын жануарлардың кескіндері);

3) баспа құралдары: плакаттар мен кестелердің жиынтығы, биолог-ғалымдардың портреттері, графиктік кестелер, карталар, атластар, аппликациялар, көлемді модельдер мен муляждар;

4) демонстрациялық және жалпы қолданыстағы аспаптар, оқу-практикалық құралдары: таразылар, көтергіш орындықтар, штативтер, фотосинтезге арналған резервуарлар, оптикалық аспаптар (ұлғайтқыш әйнек, бинокль, микроскоптар), реактивтер, ыдыстар, лабораториялық құрал-жабдықтар, өсімдіктерді күтіп-баптауға арналған құралдар;

5) оқу-көрнекі құралдардың тақырыптық аннотацияланған картотекасы.

3.24.3 Биология кабинетінің оқу-әдістемелік жабдықтары:

- 1) оқу-әдістемелік құралдар кітапханасы және оның картотекасы;
- 2) ғылыми-танымал әдебиеттер кітапханасы және картотекасы;
- 3) анықтамалық әдебиет кітапханасы, альбомдар;
- 4) энциклопедиялар;
- 5) дидактикалық материалдар жинағы;
- 6) үлестірмелі материалдар жинағы;
- 7) олимпиада материалдарының жинақ папкасы;
- 8) лабораториялық және практикалық жұмыстарға арналған ұсыныстар.

3.25 *Физика кабинеті.*

3.25.1 Физика кабинетінің жарақтандырылуы:

- 1) тақырыптар бойынша кестелер, сызбанұсқалар;
- 2) өздік жұмыстарға арналған үлестірмелі материалдар;
- 3) жеке және топтық жұмыстарды ұйымдастыруға арналған үлестірме материалдар;

4) білім және білікті тексеруге арналған тапсырмалар жинағы.

3.25.2 Физика кабинетінің оқу-әдістемелік құралдары:

- 1) пәнге байланысты оқулықтар;
- 2) ғылыми-көпшілік, анықтамалық әдебиеттер;
- 3) оқушылардың практикалық және өздік жұмыстарының үлгілері;
- 4) олимпиадалық жинақтар.

3.25.3 Физика кабинетінің арнайы құралдары:

- 1) модельдер;
- 2) реактивтер;
- 3) макеттер;
- 4) арнайы лабораториялық құрал-жабдықтар.

3.26 *Химия кабинеті.*

3.26.1 Химия кабинетінің жарақтандырылуы:

- 1) тақырыптар бойынша кестелер, сызбанұсқалар;
- 2) өздік жұмыстарға арналған үлестірмелі материалдар;
- 3) жеке және топтық жұмыстарды ұйымдастыруға арналған үлестірмелі материалдар;

4) білім және білікті тексеруге арналған тапсырмалардың жинақтары;

5) тақырыптық және қорытынды бақылауға арналған тест

тапсырмаларының жинағы (8, 9, 10, 11-сыныптар);

6) анықтамалық кестелер сериясы («Химиялық элементтердің периодтық жүйесі», «Тұздардың, қышқылдардың және негіздердің судағы ерітіндісі», «Металдардың электрохимиялық кернеу қатары» және т.б.);

7) бейорганикалық, органикалық химия бойынша, химия өнеркәсібінің негізгі өнімдерін өндіру бойынша түрлі оқу кестелерінің сериясы;

8) химик-ғалымдардың портреттерінің жиынтығы.

3.26.2 Химия кабинетінің оқу-әдістемелік құралдары:

1) пәнге байланысты оқулықтар;

2) ғылыми-көпшілік, анықтамалық әдебиеттер;

3) оқушыларға арналған жұмыс дәптерлері;

4) ғылыми-әдістемелік құралдар және мерзімдік басылымдар («Химия мектепте»; «Химия» және т.б.);

5) оқушылардың практикалық және өздік жұмыстарының үлгілері;

6) олимпиадалық жинақтар;

7) орта мектепке арналған химия пәні бойынша есептер жинақтары;

8) курстың барлық бөлімдері бойынша мультимедиялық бағдарламалар (мұғалімге, оқушыға және үйде қолдануға арналған), (білім берушілік, тренингтік, бақылаушылық);

9) электрондық кітапхана (мұғалімге, оқушыға және үйде қолдануға арналған);

10) *Chem Lab, Chem Office, Chem Draw, Chemical Equation, Chem Finder*, Ашық химия, химия бойынша репетиторлар, Химиялық лаборатория, Химикус және компьютерлік бағдарламалар;

11) бейорганикалық химия бойынша бейнефильмдер жиынтығы (мұғалімге, оқушыға және үйде қолдануға арналған);

12) органикалық химия бойынша бейнефильмдер жиынтығы (мұғалімге, оқушыға және үйде қолдануға арналған).

3.26.3 Химия кабинетінің арнайы құралдары:

1) химиялық экспериментке арналған реактивтер, құрылғылар, ыдыстар мен лабораториялық құралдар;

2) арнайы жиһаздар (жалпы білім беретін мектептердегі оқу-әдістемелік құралдар мен оқу құрал-жабдықтарының тізіміне сәйкес).

3.27 *Тарих кабинеті.*

3.27.1 Тарих кабинетінің оқу-көрнекілік жабдықтары:

1) тақырыптар бойынша карталар, суреттер, кестелер, сызбанұсқалар, альбомдар;

2) тарихшылардың портреттері, тарихи иллюстрациялар;

3) атластар, үлестірмелі көрнекілік құралдар;

4) бағдарламаға сәйкес дидактикалық материалдар, үлестірмелі материалдар;

5) тест тапсырмалары, бақылау жұмыстары, олимпиада тапсырмаларының жиынтығы;

6) шығармашылық тапсырмалардың (ребустар, сөзжұмбақтар,

викториналар) жиынтығы.

3.27.2 Тарих кабинетінің оқу-әдістемелік жабдықтары:

- 1) пәнге байланысты әдебиеттер, ғылыми-танымдық әдебиет;
- 2) әдістемелік әдебиеттер;
- 3) анықтамалықтар, энциклопедиялар.

3.28 *Музыка кабинеті.*

3.28.1 Музыка кабинетінің жарақтандырылуы:

- 1) магнитті тақта, нота орналастыруға арналған құрылғы;
- 2) фортепиано, домбыра басқа да музыкалық аспаптар;
- 3) теледидар, бейнемагнитофон, бейнетаспалар жиынтығы;
- 4) дыбыстық құралдар (микрофондар, дыбыс ұлғайтқыштар);
- 5) музыкалық-графикалық сызбаларды толтыруға арналған түрлі-түсті борлардың, фломастерлердің жиынтықтары;
- 6) магнитті негізбен әзірленген нота белгілерінің жиынтығы;
- 7) дирижер таяқшасы;
- 8) өлкелік компоненттің мазмұнына сәйкес келетін ұлттық аспаптар жиынтығы.

3.28.2 Музыка кабинетінің оқу-әдістемелік құралдары:

- 1) ноталық материалдары бар хрестоматиялар;
- 2) жеке орындауға және хорда орындауға арналған ән жинақтары;
- 3) әдістемелік құралдар;
- 4) халық өнері туралы әдістемелік журналдар;
- 5) музыка және музыка саласындағы атақты адамдар туралы әдебиеттер;
- 6) өнер бойынша ғылыми-көпшілік әдебиеттер;
- 7) анықтамалықтар, энциклопедиялар, терминдер сөздіктері;
- 8) ноталық кестелер, сызбалар;
- 9) сазгерлер мен әншілердің портреттері;
- 10) үлестірмелі дидактикалық материалдар жиынтығы.

3.29 *Бейнелеу өнері және сызу кабинеті.*

3.29.1 Бейнелеу өнері және сызу кабинетінің жарақтандырылуы:

- 1) кабинет сумен (ыстық және суық) қамтамасыз етілуі тиіс, қол жуу шұңғылшасы есікке таяу орналастырылады;
- 2) тақта және тақтаның астында сызу құралдары;
- 3) оқу және сурет салуға арналған құралдарды сақтауға арналған шкафтар;
- 4) сурет салуға арналған мольберттер;
- 5) натюрморттарға арналған сөрелер.

3.29.2 Бейнелеу өнері және сызу кабинетінің оқу-әдістемелік құралдары:

- 1) оқу-әдістемелік құралдар, анықтамалық әдебиеттер (картотекамен);
- 2) натюрморттарға арналған заттардың муляждары;
- 3) геометриялық фигуралар, демонстрациялық материалдар.

3.30 *Технология кабинеті.*

3.30.1 Технология кабинетінің оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі:

- 1) оқу-әдістемелік кешендер, дидактикалық материалдар, тест тапсырмалары, бақылау жұмыстарының жиынтығы;

- 2) оқуға қажетті кестелер, сызбанұсқалар, суреттер;
- 3) анықтамалар, ғылыми-көпшілік әдебиеттер, ғылыми-әдістемелік құралдар;
- 4) практикалық және өздік жұмыстардың үлгілері;
- 5) жеке, топтық жұмыстарды ұйымдастыруға арналған үлестірімелі материалдар жиынтығы;
- 6) оқушылардың білімін және білігін тексеруге арналған тапсырмалар жинағы.

### 3.31 Алғашқы әскери дайындық кабинеті.

- 1) «Қазақстан Республикасы Қарулы күштерінің нысандары», «Тактикалық дайындық», «Саптық дайындық», «Әскери топография», «Азаматтық қорғаныс» және т.б. стенділер;
- 2) оқу құралдары: графикалық көрнекі құралдар, жарғылар, жер бедерінің макеттері, атқыш құралдар;
- 3) Алғашқы әскери дайындық кабинетінде келесі құжаттар болуы қажет:
  - жалпыәскерлік жарғының жинақтары;
  - Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің ішкі қызметінің жарғылары;
  - Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің гарнизондық және қарауылдық қызметінің, тәртіп және әскери саптық жарғылары;
  - атқыш ісі бойынша нұсқау;
  - жастардың алғашқы әскери дайындығының бағдарламалары, оқу-материалдық базаны және жабдықтарды жетілдіру бойынша ұсыныстар;
  - бастапқы әскери дайындық бойынша оқулықтар;
  - әскери топография, азаматтық қорғаныс және медициналық-санитарлық дайындық бойынша оқулықтар.

## 4 Оқу кабинеттеріндегі құжаттарға қойылатын талаптар

4.1 Мектептегі оқу кабинеттерінде білім беру үдерісін ұйымдастыру бойынша құжаттар электронды және қағаз портфолиоға сақталады.

4.2 Оқу кабинетінде төмендегідей заңнамалық және нормативтік құжаттар болуы тиіс:

- «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;
- Білім беру ұйымдары қызметінің үлгі ережесі;
- Жалпы білім беру мекемелерінде оқытуға қойылатын гигиеналық талаптар;
- Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті орта білім беру стандарты;
- Бағдарламалар, пән бойынша оқу-тақырыптық жоспарлар;
- ҚР Жалпы орта білім беретін ұйымында ғылым негіздерін оқытудың ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хат (ағымдағы оқу жылына);
- Техникалық және өрт қауіпсіздігін сақтау ережелері.

4.3 Білім беру үдерісін қамтамасыз ететін мектептің оқу кабинеттерінде кабинеттің төлқұжаты болуы міндетті.

4.4 Кабинеттің төлқұжатында болуы тиіс:

- 1) толық материалдық жауапкершілік туралы шарт;
- 2) мұғалім қызметінің лауазымдық нұсқаулығы;
- 3) кабинеттегі тәртіп ережесі;
- 4) кабинеттің және кабинеттегі жабдықтардың жағдайына қойылатын санитариялық-гигиеналық талаптар;
- 5) жиһаздардың тізімі;
- 6) техникалық құралдар тізімі;
- 7) жабдықтардың, құрылғылардың және құралдардың тізімі;
- 8) еңбек қауіпсіздігі туралы нұсқаулық;
- 9) зертханада жұмыс істеу барысындағы техникалық қауіпсіздік туралы нұсқаулық;
- 10) білім алушылардың мінез-құлқы, өзін-өзі ұстауы туралы ереже;
- 11) оқу жылына арналған кабинеттің жұмыс жоспары;
- 12) кабинеттің жұмыс кестесі (тоқсандық);
- 13) кабинетті қабылдау ведомосі.

4.5 Мектептегі оқу кабинеттерінде білім беру үдерісін ұйымдастыруды қамтамсыз ететін жұмыстардың реттелген тізімі бойынша кабинеттің жұмыс жоспары болуы міндетті.

4.6 Оқу кабинетінің ашылуы және жұмыс істеуіне байланысты нормативтік-нұсқаулық құжаттар болуы керек:

1) оқу кабинетінің ашылуы және білім беру бағдарламасын табысты орындалуын қамтамасыз ету үшін оның жұмыс істеуі туралы бұйрық (кабинет меңгерушісінің «Нормативтік-құқықтық құжаттар» папкасында сақталады);

2) кабинет меңгерушісін және лаборант тағайындау, олардың қызметтік міндеттері туралы бұйрық (кабинет меңгерушісінің «Нормативтік-құқықтық

құжаттар» папкасында сақталады);

3) кабинеттегі бар жабдықтар, аспаптар, техникалық құралдар, көрнекі құралдар, дидактикалық материалдардың қызметтік міндеттері көрсетіліп ресімделген кабинет төлқұжаты;

4) кабинетте бар жабдықтарға жасалған мүлік ведомосі (кабинет меңгерушісінің «Кабинет төлқұжаты» папкасында сақталады);

5) кабинетте жұмыс істеу кезіндегі техникалық қауіпсіздік ережелері (танысу үшін кабинетте ілулі тұрады);

6) оқушылардың кабинеттегі жабдықты пайдалану ережелері (танысу үшін кабинетте ілулі тұрады);

7) кабинеттің жұмыс істеуге дайындығы туралы оқу кабинетін мектеп әкімшілігінің қабылдау актісі (кабинет меңгерушісінің «Кабинет төлқұжаты» папкасында сақталады);

8) нақты оқу жылына арналған білім беру бағдарламасын жүзеге асыруды қамтамасыз ету бойынша оқу кабинетінің дайындығы туралы мектептің әдістемелік комиссиясы шешімінің хаттамасы (кабинет меңгерушісінің «Кабинет төлқұжаты» папкасында сақталады);

9) оқу жылына арналған кабинеттің жұмыс жоспары (кабинет меңгерушісінің «Кабинет төлқұжаты» папкасында сақталады):

- перспективалық және оқу жылының жұмыс жоспары;

- оқу кабинетінде сабақтар өткізу және оқу іс-шараларын өткізу кезінде техника қауіпсіздігі ережелерін және санитариялық-гигиеналық нормаларды сақтау(қауіпсіздік ережелері бойынша жүргізілген нұсқамалардың өткізілуі жөнінде журнал).

4.7 Мектептің білім беру бағдарламасын орындау бойынша оқу кабинетінің жұмысын жоспарлау және ұйымдастыруға қойылатын талаптар: мұғалімдер мен оқушылардың білім беру стандарты талаптарын орындауды; дамыта оқыту әдісін енгізу; таңдауы бойынша курстар жұмысы бағдарламасын дамыту қамтиды.

4.8 Оқу кабинетінде білім беру үдерісін ұйымдастырудың мүмкіндік деңгейін анықтау үшін төмендегідей бағалау критерийлері ұсынылады:

- оқу кабинеті төлқұжатының болуы;

- оқу кабинеті портфолиосының болуы;

- оқу жабдықтарын сақтаудың тиімділігі;

- әдістемелік және оқу құралдарының болуы;

- қолданыстағы оқу жабдықтарының, құралдардың жүйелілігі;

- қабырға тақталардың болуы;

- қабырға тақта материалдарының жағдайы, көркемдігі;

- оқытудың техникалық құралдарының болуы және оларды сақтаудың ұйымдастырылуы;

- мұғалімнің жұмыс үстелінің жағдайы;

- оқу ғимаратында еңбекті қорғау және білім алушылардың өмірінің қауіпсіздігі жөніндегі нұсқаулықтың, журналдың болуы;

- дәрі-дәрмек қобдишасының болуы;

- жарықтандыру;
- үстелдер мен орындықтар жағдайы;
- кабинетте өсімдіктердің, гүлдердің болуы, олардың жағдайы;
- кабинет терезелерін безендіру.

## **5 Заманауи талаптарға сай оқу кабинеттерінде білім беру үдерісін ұйымдастыру**

5.1 Оқу кабинеттерінде қазіргі заманға сай білім беру үдерісін ұйымдастыру келесі мәселелерді шешу арқылы қамтамасыз етіледі:

- кешенді жарактандыру және жабдықтау;
- оқу үдерісін оқу-әдістемелік қамтамасыз ету;
- оқу үдерісін материалдық-техникалық қамтамасыз ету;
- оқу үдерісін ақпараттық қамтамасыз ету.

5.2 Оқу кабинеттерінде оқу үдерісін кешенді жарактандыру және оқу кабинетін жабдықтаудың жағдайларын жасауда келесідей мүмкіндіктер қамтамасыз етіледі:

– білім алушылардың Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес білім беру бағдарламасын меңгеруде жоспарланған нәтижеге қол жеткізу;

– оқу үдерісін ұйымдастырудың барлық түрінде білім алушылардың және тәрбиеленушілердің қабілеттерін анықтау және дамыту;

– дарынды балалармен интеллектуалдық және ғылыми-техникалық шығармашылық жұмыстарды ұйымдастыру;

– білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес жобалық зерттеушілік қызметін ұйымдастыру;

– мүмкіндігі шектеулі білім алушылардың оқу бағдарламаларын меңгеруі;

– білім алушылардың танымдық қызығушылықтары мен өздігінен білім алу қабілеттерін дамыту.

5.3 Заманауи талаптарға сай оқу кабинеттерінде оқу үдерісін оқу-әдістемелік сүйемелдеудің жағдайларын жасауда келесідей мүмкіндіктер қамтамасыз етіледі:

– оқу үдерісін жарактандырудың кешенділігі;

– оқу үдерісінің сапасын қамтамасыз ету;

– барлық оқу пәндері бойынша оқулықтардың, оқу-әдістемелік әдебиеттер мен материалдарының болуы;

– оқу жоспарындағы барлық оқу пәндері бойынша баспа және білім берудің электрондық ресурстарымен, қосымша әдебиет қорымен кітапханаларды толықтыру.

5.4 Заманауи талаптарға сай оқу үдерісін материалдық-техникалық және ақпараттық жарактандырудың жағдайларын жасауда келесідей мүмкіндіктер қамтамасыз етіледі:

– ақпаратты әзірлеу және қолдану;

– ақпаратты түрлі жолдармен алу;

– эксперимент өткізу, жобалау және құрастыру.

